



ISSN 2518-198X



№ 4(84)/2016

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия ФИЛОЛОГИЯ

PHILOLOGY Series

ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА

BULLETIN
OF THE KARAGANDA
UNIVERSITY

ISSN 2518-198X

Индексі 74623

Индекс 74623

ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА

BULLETIN
OF THE KARAGANDA
UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия ФИЛОЛОГИЯ

PHILOLOGY Series

№ 4(84)/2016

Қазан–қараша–желтоқсан
30 желтоқсан 2016 ж.

Октябрь–ноябрь–декабрь
30 декабря 2016 г.

October–November–December
December, 30, 2016

1996 жылдан бастап шығады
Издается с 1996 года
Founded in 1996

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year

Қарағанды, 2016
Караганда, 2016
Karaganda, 2016

Бас редакторы

ЖМ ХҒА академигі, заң ғыл. д-ры, профессор

Е.Қ.Көбеев

Бас редактордың орынбасары

Жауапты хатшы

Х.Б.Омаров, техн. ғыл. д-ры

Г.Ю.Аманбаева, филол. ғыл. д-ры

Редакция алқасы

Ж.Ж.Жарылғапов,	ғылыми редактор филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
М.І.Әбдуов,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Г.Ю.Аманбаева,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Ш.М.Мажитаева,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Ж.Қ.Смағұлов,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Б.С.Рақымов,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
А.С.Әділова,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
В.Т.Абишева,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Н.Ж.Шәймерденова,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Д.Д.Шайбакова,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
Н.И.Бөкетова,	филол. ғыл. д-ры (Қазақстан);
С.А.Матяш,	филол. ғыл. д-ры (Ресей);
У.М.Бахтикереева,	филол. ғыл. д-ры (Ресей);
Т.В.Белошапкова,	филол. ғыл. д-ры (Ресей);
М.Джусупов,	филол. ғыл. д-ры (Өзбекстан);
Ү.Жетібайұлы,	филол. ғыл. д-ры (ҚХР);
К.Жанбозұлы,	филол. ғыл. д-ры (ҚХР);
Л.Матейко,	PhD д-ры (Словакия);
А.Золтан,	филол. ғыл. д-ры (Венгрия);
М.Фрешли,	PhD д-ры (Венгрия);
Л.М.Харитоновна,	жауапты хатшы филол. ғыл. канд. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 100028, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28

Тел.: (7212) 77-03-69 (ішкі 1026); факс: (7212) 77-03-84.

E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz. Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторлары

И.Д.Рожнова, Ж.Т.Нурмуханова

Компьютерде беттеген

Г.Қ.Қалел

Қарағанды университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы.

ISSN 2518-198X.

Меншік иесі: «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» РММ.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген. 23.10.2012 ж. № 13109–Ж тіркеу куәлігі.

Басуға 29.12.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8. Қағазы офсеттік. Көлемі 10,5 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 471.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылып шықты.

100012, Қазақстан, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38. Тел. (7212) 51-38-20. E-mail: izd_kargu@mail.ru

© **Қарағанды мемлекеттік университеті, 2016**

Главный редактор
академик МАН ВШ, д-р юрид. наук, профессор
Е.К.Кубеев

Зам. главного редактора **Х.Б.Омаров**, д-р техн. наук
Ответственный секретарь **Г.Ю.Аманбаева**, д-р филол. наук

Редакционная коллегия

Ж.Ж.Жарылгапов,	научный редактор д-р филол. наук (Казахстан);
М.И.Абдуов,	д-р филол. наук (Казахстан);
Г.Ю.Аманбаева,	д-р филол. наук (Казахстан);
Ш.М.Мажитаева,	д-р филол. наук (Казахстан);
Ж.К.Смагулов,	д-р филол. наук (Казахстан);
Б.С.Рахимов,	д-р филол. наук (Казахстан);
А.С.Адилова,	д-р филол. наук (Казахстан);
В.Т.Абишева,	д-р филол. наук (Казахстан);
Н.Ж.Шаймерденова,	д-р филол. наук (Казахстан);
Д.Д.Шайбакова,	д-р филол. наук (Казахстан);
Н.И.Букетова,	д-р филол. наук (Казахстан);
С.А.Матыш,	д-р филол. наук (Россия);
У.М.Бахтикереева,	д-р филол. наук (Россия);
Т.В.Белошапкова,	д-р филол. наук (Россия);
М.Джусупов,	д-р филол. наук (Узбекистан);
У.Жетибайулы,	д-р филол. наук (КНР);
К.Жанбозулы,	д-р филол. наук (КНР);
Л.Матейко,	д-р PhD (Словакия);
А.Золтан,	д-р филол. наук (Венгрия);
М.Фрешли,	д-р PhD (Венгрия);
Л.М.Харитонова,	ответственный секретарь канд. филол. наук (Казахстан)

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: (7212) 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz. Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторы

И.Д.Рожнова, Ж.Т.Нурмуханова

Компьютерная верстка

Г.Қ.Қалел

Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология».

ISSN 2518-198X.

Собственник: РГП «Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова».

Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № 13109–Ж от 23.10.2012 г.

Подписано в печать 29.12.2016 г. Формат 60×84 1/8. Бумага офсетная. Объем 10,5 п.л. Тираж 300 экз. Цена договорная. Заказ № 471.

Отпечатано в типографии издательства КарГУ им. Е.А.Букетова.

100012, Казахстан, г. Караганда, ул. Гоголя, 38. Тел.: (7212) 51-38-20. E-mail: izd_kargu@mail.ru

© Карагандинский государственный университет, 2016

Main Editor

Academician of IHEAS, Doctor of Law, Professor

Ye.K.Kubeyev

Deputy main Editor

Kh.B.Omarov, Dr. of techn. sciences

Responsible secretary

G.Yu.Amanbayeva, Dr. of philol. sciences

Editorial board

Zh.Zh.Zharylgapov ,	Science Editor Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
M.I.Abdinov ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
G.Yu.Amanbayeva ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
Sh.M.Mazhitaeva ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
Zh.K.Smagulov ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
B.S.Rakhimov ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
A.S.Adilova ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
V.T.Abisheva ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
N.Zh.Shaimerdenova ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
D.D.Shaibakova ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
N.I.Buketova ,	Dr. of philol. sciences (Kazakhstan);
S.A.Matyash ,	Dr. of philol. sciences (Russia);
U.M.Bakhtikereeva ,	Dr. of philol. sciences (Russia);
T.V.Beloshapkova ,	Dr. of philol. sciences (Russia);
M.Zhusupov ,	Dr. of philol. sciences (Uzbekistan);
U.Zhetibaiuly ,	Dr. of philol. sciences (China);
K.Zhanbozuly ,	Dr. of philol. sciences (China);
L.Matejko ,	PhD (Slovakia);
A.Zoltan ,	Dr. of philol. sciences (Hungary);
M.Freshly ,	PhD (Hungary);
L.M.Kharitonova ,	Secretary Cand. of philol. sciences (Kazakhstan)

Postal address: 28, University Str., 100028, Karaganda, Kazakhstan

Tel.: (7212) 77-03-69 (add. 1026); fax: (7212) 77-03-84.

E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz. Web-site: vestnik.ksu.kz

Editors

I.D.Rozhnova, Zh.T.Nurmukhanova

Computer layout

G.K.Kalel

Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series.

ISSN 2518-198X.

Proprietary: RSE «Academician Ye.A.Buketov Karaganda State University».

Registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No. 13109–Zh from 23.10.2012.

Signed in print 29.12.2016. Format 60×84 1/8. Offset paper. Volume 10,5 p.sh. Circulation 300 copies.

Price upon request. Order № 471.

Printed in the Ye.A.Buketov Karaganda State University Publishing house.

38, Gogol Str., 100012, Kazakhstan, Karaganda. Tel.: (7212) 51-38-20. E-mail: izd_kargu@mail.ru

© Karaganda State University, 2016

МАЗМҰНЫ

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Бидола П., Тұрсынова М.</i> Көне және қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық сабақтастық.....	8
<i>Жарылғапов Ж.Ж., Кенешова Л.</i> Оралхан Бөкей туындыларындағы кеңістік пен кейіпкер концепциясы	14
<i>Каренов Р.С.</i> Жамбыл — ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. (Жамбыл Жабаевтың туғанына — 170 жыл)	20
<i>Ахметжанова Ж.Б., Айтбаева Б.М., Барин Е.</i> Тарихи өлең табиғатын тану – қазақ халқының тарихын тану.....	32
<i>Бралина С.Ж., Игисимова А.Б.</i> Д. Нақыповтың эксперименталды поэзиясы	38
<i>Фурсанова Т. В.</i> Қарағанды қаласы тілі зерттелуінің мәселелері	43

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Устелимова Н.А., Жусупова Г.М.</i> Шет тілі сабақтарында шығармашылық тұлғаның қалыптасуы.....	48
<i>Масакова Г.А., Айтбаева Б.М., Мауленова А.М.</i> Қос тілді меңгерген мұғалімге қойылатын қазіргі заманғы талаптар	54
<i>Жетписбаева М.А., Сяпина О.А.</i> CLIL әдістемесін жоғары білім беруге енгізудің негізгі қырлары	60
<i>Жетписбаева М.А., Щеголева А.В.</i> Студенттердің өздігінен шығармашылық дамуындағы шет тілі бойынша сабақтан тыс жұмыстың рөлі	67

ЖУРНАЛИСТИКА

<i>Амангелдиева Г.С., Зухурнаева М.</i> Қырғызстанның бұқаралық ақпарат құралдары: тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы нәтиже (2011 жылға дейінгі БАҚ негізінде)	73
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	78
2016 жылғы «Қарағанды университетінің хабаршысында» жарияланған мақалалардың көрсеткіші. «Филология» сериясы.....	79

СОДЕРЖАНИЕ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ

<i>Бидола П., Турсунова М.</i> Лексическое созвучие древних и современных тюркских языков	8
<i>Жарылгапов Ж.Ж., Кенешова Л.</i> Концепция персонажа и пространства в произведениях Оралхана Бокея	14
<i>Каренов Р.С.</i> Жамбыл — яркая звезда казахской поэзии, выдающийся акын-импровизатор. (К 170-летию мастера поэтического слова Жамбыла Жабаева)	20
<i>Ахметжанова Ж.Б., Айтбаева Б.М., Барин Е.</i> Изучение природы исторических песен — отражение истории народа	32
<i>Бралина С.Ж., Игисимова А.Б.</i> Экспериментальная поэзия Д. Накипова	38
<i>Фурсанова Т.В.</i> К вопросу изучения языка города Караганды	43

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Устелимова Н.А., Жусупова Г.М.</i> Формирование творческой личности на уроках иностранного языка	48
<i>Масакова Г.А., Айтбаева Б.М., Мауленова А.М.</i> Современные требования к преподавателю-билингву	54
<i>Жетписбаева М.А., Сяпина О.А.</i> Основные аспекты внедрения методики CLIL в вузовское образование	60
<i>Жетписбаева М.А., Щеголева А.В.</i> Роль внеаудиторной работы по иностранному языку в процессе творческого саморазвития студентов	67

ЖУРНАЛИСТИКА

<i>Амангелдиева Г.С., Зухурнаева М.</i> Средства массовой информации Кыргызстана: результаты, достигнутые за 20 лет независимости (на основе СМИ до 2011 года)	73
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ	78
Указатель статей, опубликованных в «Вестнике Карагандинского университета» в 2016 году. Серия «Филология»	81

CONTENTS

CURRENT PROBLEMS OF LINGUISTICS AND LITERARY

<i>Bidola P., Tursunova M.</i> Lexical harmony of ancient and modern Turkic languages	8
<i>Zharylgapov Zh.Zh., Keneshova L.</i> The concept of character and space in the works of Oralkhan Bokey	14
<i>Karenov R.S.</i> Zhambyl — the brightest star of the Kazakh poetry, Outstanding akyn-improviser. (By the 170 th anniversary of the master of the poetic word Zhambyl Zhabayev)	20
<i>Ahmetzhanova Zh.B., Aytbayeva B.M., Barin Ye.</i> The study of the nature of historical songs — a reflection of people's stories	32
<i>Bralina S.Zh., Igisimova A.B.</i> Experimental poetry of D. Nakipov	38
<i>Fursanova T.V.</i> On the issue of learning the language of the city of Karaganda	43

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

<i>Ustelimova N.A., Zhussupova G.M.</i> Formation of creative personality at classes of foreign language	48
<i>Masakova G.A., Aytbayeva B.M., Maulenova A.M.</i> The modern requirements to the teacher bilingual	54
<i>Zhetpisbaeva M.A., Syassina O.A.</i> The main aspects of the implementation of CLIL methodology in university education	60
<i>Zhetpisbaeva M.A., Chshegoleva A.V.</i> The role of extracurricular work in a foreign language for creative self-development of students	67

JOURNALISM

<i>Amangeldieva G.S., Zukhurnaeva M.</i> Mass of Kyrgyzstan medias: the achievements attained for 20 of independence (on the basis of mass-media 2011 to)	73
---	----

INFORMATION ABOUT AUTHORS	78
---------------------------------	----

Index of articles published in the «Bulletin of the Karaganda University» in 2016 y. «Philology» Series	83
---	----

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ CURRENT PROBLEMS OF LINGUISTICS AND LITERARY

ӘОЖ 811.512.1

П. Бидола¹, М. Тұрсынова²

¹*Іле педагогикалық университеті, Құлжа, Қытай;*

²*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: t_marhaba@mail.ru)*

Көне және қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық сабақтастық

Мақалада тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы қазақ тіліндегі кейбір атаулардың басқа түркі тілдеріндегі қолданысына талдау жасалған. Зерттеу барысында аталған сөздердің көне түркі тіліндегі қолданысы, этимологиясы сөз болып, қазіргі түркі тілдеріндегі нұсқаларымен салыстырылған. Көне түркілік қолданысының кей түркі тілдерімен ортақтығы, тілдің дамуына қатысты өзгеріске түскен тілдердегі көрінісі мысалдармен дәлелденген. Әр сөздің қазақ тіліндегі қолданысы жеке қарастырылып, жалпы түркі тілдеріндегі ортақтықтары мен ерекшеліктері көне түркі және қазіргі түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктері, зерттеу еңбектері негізінде сараланған.

Кілт сөздер: салыстырмалы-тарихи зерттеу, түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасы, түркі тілдеріне ортақ атаулар, көне түркі тілі.

Бүгінгі күні өмір сүріп отырған түркі халықтарының мыңдаған жылдық тарихы бар екендігі белгілі. Бұл олардың қалыптасуы мен дамуынан, тарихынан, мәдениеті мен өнерінен де көрінеді. Солардың бірі – түркі халықтарының тіліне қатысты мәліметтер. Түркі халықтарының жүріп өткен жолынан, бірнеше кезеңдерге қатысты жазба ескерткіштерінен және бүгінгі жеке тілдердегі өзіндік ерекшеліктерінен де тілдік деректерге тән өзгешеліктерді көруге болады.

Түркітануға байланысты тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізу арқылы көне жазба мұраларында қолданылған, түркі тілдеріне ортақ болып саналатын жеке сөздердің тарихи дамуын байқай алатынымыз белгілі. Бір тіл көне түркілік тектестікті сақтаса, кей тіл өзіне ғана тән заңдылықтармен дамиды, ал келесі бір тіл басқа тілдің ықпалына түседі. Сондай сөздердің қатарына көне түркілік *будун, үгүз, саб, адағ, йай* сияқты сөздерді жатқызуға болады.

Көне мұраларда қолданылған *будун* сөзі қазіргі қазақ тіліндегі *халық* сөзі екені белгілі, себебі көне тілде *ел, жұрт* сөздері де кездеседі: *Чығай будунығ бай қылтым* – Жарлы халықты бай қылдым; *Он оқ беглері будуны коп келті, йүкүнті* – Он оқ бектері халқы көп келді, жүгінді; *Іл йеме ілі болты* – Ел және ел болды; *Аңар көрү білің, түрк емті будун беглер!* – Бұған қарап білің, түркінің ендігі халқының бектері! *Аз қырқ аз будуның йара тып келтіміз, сүңүсдіміз, ілін йана біртіміз* – Көгмен жер-суы иесіз қалмасын, — деп, аз қырыз аз халықтарын құрап келдік, соғыстық, елін қайта бердік.

Қазақ тілінде *халық* сөзі төл сөзіміз болмағанымен, бұл сөзге синонимдес *ел, жұрт, қауым, халайық, әлеумет, жамағат, жаран* сөздері кездеседі [1] және «белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны» және «ел-жұрт, бұқара, көпшілік» [2] сипатында түсіндірілген және бұл сөздің араб тілінен енген «жаратушы» деген мағына береді.

Халық сөзі көптеген түркі тілдерінде, фонетикалық ерекшеліктерді есепке алмағанда, қазақ тілімен ортақ сипатта кездеседі: *халāх* (чуваш), *халық* (башқұрт, татар), *halk* (түркімен), *калк* (қырғыз) т.б. Мысалдар: *чāваш халāх* (чуваш халқы), *бөтә планета халқы* (бүкіл әлем халқы), *башқорт халқы* (башқұрт халқы), *урамда бик күп халық йыйылды* (көшеде халық көп жиналды).

Түркі тілдерінің бәрінде дерлік «халық» сөзімен мағыналас бірнеше сөз бар: *halk, millet, halkuuyet* (түркімен), *халāх, ҫынсем, йыш* (чуваш), *эл, калк* (қырғыз), *юрт, адам, гиши, инсан* (құмық) т.б.

Кей тілдердегі сипаты сәл өзгешелеу: хақас тілінде *чон* сөзі қолданылса, әзербайжан тілінде «адам» сөзіне көптік жалғау жалғану арқылы *адамлар* түріндегі нұсқалары, ал якут тілінде орыс тіліндегі «народ» сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі *наруот*, тува тілінде «кижи» сөзіне қосымша *чон, хамааты, суур* сөздері кездеседі.

Халық сөзіне қатысты осындай ортақтықтар мен сәл-пәл өзгешеліктерді есепке алмағанда, көне түркілік *будун* сөзі қазіргі түркі тілдерінде орын алмағанын көреміз. Араб тілінен енген «халық» сөзінің фонетикалық нұсқалары көп қолданылады.

Жылдың төрт мезгілінің бірін білдіретін *жаз* сөзінің көне мұраларда *йай, йаз* нұсқалары бар болғанымен, «жаз» сөзінің «көктем» сөзімен мағыналас келетін деректер бар. *Оғузғару йазын сү таишықдымыз* – Жазда әскермен оғызға қарсы шықтық. «Көне түркі сөздігінде» *йай – жаз* [3; 226], *йаз – көктем* [3; 250] мағынасында берілсе, М.Қашқари сөздігінде: *уаз – жаз. Иазын қатығланса, қышын севнүр* – Жазда қатуланса, қыста сүйінер; *йай – көктем. Күз келігі йайын белгүлүг* – Күздің келетіні көктемнен белгілі [4; 221, 222] сипатында және көне түркі тілінен берілген басқа мысалдарда *Йай анта йайладым* – жазда анда жайладым; *Йай көркіңе ынанма, Сулар үзе тайанма. Есізлікің анұнма, Тылда шықар едгү сөз* болып берілген.

Аталған сөздің қазақ тіліндегі нұсқасы *жаз* болғанымен, басқа түркі тілдерінде бірізді емес және туыстас тілдерден фонетикалық нұсқаларындағы айырмашылықпен қоса, лексикалық та ерешеліктерді көре аламыз. Әзербайжан (*йай*), татар (*жәй*), башқұрт (*йәй*), өзбек (*ёз*), ұйғыр (*яз*), қырғыз (*жай*), тува, хақас (*чай*) тілдеріндегі нұсқаларында дыбыстық ерекшеліктер болса, якут тілінде «сайын», түркімен тілінде «томус» сөздері арқылы беріледі. Қырғыз тілінде «жай» сөзі біздің тіліміздегі «жаз» сөзімен, ал «жаз» сөзі «көктем» сөзімен мағыналас.

Қазақ тіліндегі «жайлау» сөзінің мағынасын «жаз жайлайтын жер» деп 3-й дыбыстық сәйкестіктерімен түсіндірсек те, арғы негізі «йай» екендігі көрінеді. Сонда «жайлау» сөзін «жаз» сөзіне етістік *тұғызатын -ла* жұрнағы жалғанғанда 3-ның *й-ға* сәйкестігі нәтижесінен (*жай+ла+у*) «жайлау» сөзі жасалып тұр дегеннен, түбірі көне түркілік *йай* (жай) арқылы орныққанын түсіндіре аламыз. Оның үстіне қазақ тіліндегі «*нанды жайдым* – нанды жаздым, *көрпені жайдым* – көрпені жаздым» сипатындағы нұсқалардан да ұқсастық көре аламыз. Ал басқа түркі тілдеріндегі дыбыстық ерекшеліктер көне және қазіргі тілдер арасындағы *й-ж* (қырғыз – *жай*), *й-ч* (хақас – *чай*), ал якут тіліндегі «сайын» сөзінің *й-с* арқылы орныққан «сай» сөзіне қатысты деп болжауға болады. Себебі көне түркілік *-й* алтай тілінде *д* (*дос, док*), тува хақас, шор тілдерінде *ч-* (*час, чок*), якут тілінде *с-* (*сас, суох*), карашай балқар, қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде *ж-* (*жаз, жоқ*), карашай-балқар тілінің малқар диалектісінде 3- түрінде дамыған [5;159].

Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда өзгеріске түскен көне түркілік сөздердің бірі – *үгүз* сөзі. Көне түркі тілінен келтірілген мысалдар арқылы бұл сөздің қазақ тіліндегі нұсқасы «өзен» сөзі екені белгілі: *Сантуң балыққа Талуй үгүзке тегүртім* – Шантуң қаласына, Теңіз өзеніне жеткіздім. *Алтун йысығ йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз* – Алтын жерін жолсызбен астым, Ертіс өзенін кешпес ізбен кештім. *Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз.* – Ертіс өзенін кеше жүрдік. Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз, түргіс будунығ уда бастымыз – Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық. *Ечүм қаған бірле ілгерү Йашыл үгүз, Шантуң йазықа тегі сүледіміз* – Ағам қағанмен бірге ілгері Жасыл өзенінен Шантуң жазығына дейін соғыстық. *Йана йорып, соғдақ будун ітейін тійін, Йінчү үзүзіг кече, Темір қапығқа тегі сүледіміз* – Және жүгіріп соғдыны халық етейін деп, Сырдария өзенін кешіп өтіп, Темір қақпаға дейін соғыстық.

Жоғарыдағы мысалдардағы «үгүз» сөзі – қазіргі түркі тілдерінде сақталмаған, өзгеріске түскен сөздердің бірі. Бұл сөздің салыстырылған тілдерде *елга* (татар), *йылга* (башқұрт), *дарё* (өзбек), дәрия (ұйғыр), *өзөн* (қырғыз), *хем* (тува), *өрүс* (якут), *суз* (хақас), *дерия* (түркімен) нұсқалары кездеседі және ешбір тілде көне мұралар тілімен ортақтық көріне қоймайды. Тува тіліндегі «хем» сөзінен басқасы, яғни, «өзен, дария, су, өріс, жылға» сөздері қазақ тіліндегі аққан сумен қатысты мағыналас сөздер.

Көне түркілік «саб» қазіргі қазақ тіліндегі «сөз» деген мағынаны береді: *Тоқуз оғуз беглері, будуны, бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңда!* – Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұ сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда! *Неңнен сабым ерсер, беңгү таишқа уртым.* – Айтар сөзім болса, тасқа жаздым. *Сабымын түкеті есітгіл* – Сөзімді түгел есіткін. *Сүчіг сабын, йумчақ ағын ерүр, ырақ будунығ анча йағытур ерміс* – Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді.

М.Қашқари сөздігінде де «сөз» [4; 177] нұсқасында берілген бұл сөз «саб» сипатында қазіргі түркі тілдерінде орын ала қоймаған, себебі барлық түркі тілдерінде «сөз, сүз, һүз, суз, сөс, тыл» түрінде кездесіп, аздаған фонетикалық ерекшелік қана көрінеді. Чуваш тілінде бұл сөз «самах»

ретінде қолданылып, көне түркілік «саб» нұсқасына біршама жақындай түседі: *иккемешле самах* – туынды сөз; *тұхура самах ил* – жиналыста сөз алу; *самахсарах анлан* – сөзсіз түсіну; *самах йрекелех* – сөз бостандығы; *самах пар* – сөз беру; *пер самахна каласан* – бір сөзбен айтқанда.

Сөздік қазынасының негізі сақталып келгенмен, ондаған сөздердің бұл күнде, мысалы, қазақ тілінде қолданылмайтындығын білеміз. Дегенмен, қай түркі тілі болмасын, өздерінің бүгінгі лексикалық қазынасында көне сөздерді ішінара сақтап қалғандығы да байқалады. Мысалы, қазақ тілінде «мүлік» мағынасындағы көне түркілік *барым* сөзі, «шақыру» мағынасындағы *оқу*, «сөйлеу, сөз» мағынасындағы *саб* (сөз саптау «сөз сөйлеу»), «кедей» мағынасындағы *шығай* (Шықбермес Шығайбай) деген сөздер тұрақты тіркестердің құрамында немесе жалқы есімдердің аталуында сақталған [6; 47–78].

Яғни қазақ тіліндегі көне түркілік «саб»-тың орнына «сөз» орныққанымен, «сөз саптауы» деген тіркестен «саб»-ты кездестіре аламыз. Осыған орай қазақ тіліндегі «күш-қайрат, ар-намыс, құр босқа, құр текке, көр соқыр, шынайы таза» сияқты қосақтап қолданылған мағыналары бірдей немесе жуық сөздер, яғни плеоназмдардың, қатарына «сөз саптауы» дегенді де жатқызуға болар. Сол сияқты көне түркілік «талуй» сөзі «теңіз» мағынасын беріп, қазақ тіліндегі «телегей теңіз» тіркесінде қолданылатыны айтылады. Ал «талуй» түрінде, яғни, «теңіз» мағынасын беретін сөз Сібірдегі кейбір түркі тілдеріне тән.

Қазақ тілінде «аяқ (айақ) сөзі де көне түркі тілімен салыстырғанда *д-т-з-й* дыбыстық сәйкестіктері арқылы орныққандығын және түркі тілдері фонетикасына байланысты өлшем ретінде зерттеушілер көрсететіні белгілі: «Қазақ тіліндегі *адақтау/аяқтау//бітіру, тауысу* сөздері мағына жағынан сәйкес, о бастағы бір сөз, бүгінде екі түрлі айтылады. *Атақ/адақ* сөздеріндегі *й* мен *д* дыбысының сәйкестігі көне тілден қалған бір ерекшелік. Егер осы сөздің қазіргі түркі тілдеріндегі вариантын салыстырып көрсек, олардың көпшілігінде *аяқ* (айтылуда *айақ*) түрінде кездеседі де, хакас тілінде *азах*, якут тілінде *атах* түрінде қолданылады. Бұл мысалдардан *й, з, т* дыбыстарының сәйкестік қасиетін аңғарамыз» [7; 90] Көне тілден мысалдар: *Түрк будун адақ қамаишты* – Түрк халқының аяғы әбден шаршады. *Түрк будун адақ қамаишты, йаблақ болтачы ерті* – Түркі халқының аяғы әлсіреді, жаман қалжырады. *Күміш күнге ұрса, алтұн адақын кемір*. – Күміс күнге қонса, алтын аяғымен келер. *Иүз ат менің ағдын кеишті*. – Менің аяғымның арасынан жүз ат өтті. *Өкүз азақы болғынша бұзағу башы болса ииг*. – Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі.

Бұл сөздің басқа тілдерде «аяқ, айақ, оёк, атах, азах» фонетикалық нұсқалары, сондай-ақ «бут, пүт» қолданыстары қырғыз, тува, ұйғыр тілдерінде бар. Басқа түркі тілдерінен ерекше «ура» сөзі чуваш тілінде кездеседі және бұны зерттеушілер *д-т-з-й-р* дыбыстық сәйкестіктерімен түсіндіреді [7; 208]. Ал «айақ» немесе «азақ, атақ» сөздерінен «ура» сөзіне жақындыққа қарағанда, «ұр» сөзімен байланыста қараған дұрыс сияқты.

«Қарындас» сөзі – жалпы түркі тілдеріне ортақ сөз, бірақ қазақ, қарақалпақ тілдерінде ғана еркек адамның өзінен жасы кіші бауыры мағынасында қолданылады екен.

«Қарындас» сөзін М.Қашқари сөздігінде «бір қарыннан шыққан» деп түсіндіретіні сияқты бұл сөз басым түркі тілдерінде «ағайын, туыс» сипатында беріледі.

Түркі тілдерінде «қарындаш, кардаш» болып қолданылған сөздердің кейбіреуінде мағыналық айырмашылық болса, кей тілдерде айырмасы жоқ. Тува, чуваш, якут, өзбек, түркімен, башқұрт тілдерінде «қарындаш, кардаш, хуранташ, харындаш, кериндаш» сөздері екі нұсқада бар болса, алтай, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, хакас тілдерінде тек «қарындас» сөзі, гагауз, татар тілдерінде «кардаш» сөзі бір нұсқада ғана кездеседі. Өзбек, түркімен тілдерінде «кариндош, гарындаш» сөздері «туған-туыс, ағайын» мағыналарын, «кардош, гардаш» сөздері «аға, дос, жолдас» мағыналарын береді. Сондай-ақ көптеген тілдерде «туған-туыс, ағайын» мағынасындағы бұл сөз хакас (*харындас*), әзербайжан (*гардош*), гагауз (*кардош*) тілдерінде «аға, іні» мағыналарына сай келсе, түрік тілінде «кыз кардеш, еркек кардеш» болып қолданылады.

Көне түркі тілі лексикасын қазіргі қазақ немесе басқа түркі тілдерімен салыстыру барысында ортақтықтар пен өзгешеліктер де көзге түседі. Осылардың біразын Ғ.Айдаровтың «ҮІІІ ғасырдағы Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші» еңбегі [8] арқылы да дәлелдей көрсетуге болады:

Будун – халық. *Чығай будуныг бай қылтым* – Жарлы халықты бай қылдым.

Сү – әскер. *Қамуқ балыққа тегдім қунладым алтым сүсі келті* – Көп қалаға шабуыл жасадым, жорық жасадым, жаулап алдым. Әскері келді.

Ечі – әже. *Ечүміз* – әжеміз.

Йотаз – әйел. *Йотазын анта алтым* – Әйелін сонда алдым.

Қунчуй – бикеш (бектердің әйелі). *Сіңлім қунчуйлығ біртiмiз* – Қарындасым бикешті бердік.

Табышқан – қоян. *Табышқан йыл бiсiнч айқа тегдiм* – Қоян жылы бесінші айда жеттім.

Бедiзчi – шебер, суретші (өрнекші). *Бедiзiн бедiзтi, олурты* – Өрнегін өрнектеп отырды.

Барқ – сарай. *Барқын йулмадым* – Сарайын алмадым.

Балық – қала. *Қамуқ балыққа тегдiм қунладым алтым сүсi келтi* – Көп қалаға шабуыл жасадым, жорық жасадым.

Бiтiг – хат, жазу. *Бу бiтiг бiтiгме атысы Йоллығ тiгiн* – Бұл хатты қағанның немересі Йоллығ тегін жаздым.

Айғучы – кеңесші. *Айғучысы бiле ермiс* – Кеңесшісі білгіш еді.

Сү – әскер. *Сүсi келтi* – Әскері келді.

Йағучы – қолбасшы. *Йағучысы бен ертiм* – Қолбасшысы тағы мен едім.

Чығай – кедей. *Чығай будунығ бай қылтым* – Жарлы (кедей) халықты бай қылдым.

Баз – бейбітшілік. *Төрт будундақы будунығ қоп баз қылтым* – Дүниенің төрт бұрышындағы халықты көп бейбіт еттім.

Чаб, саб – сөз. *Сабымын түкетi есiтгiл* – Сөзімді түгел есіткін.

У – ұйқы. *Қырқ аз будунығ уда басдым* – Қырқ аз халқын ұйқыда бастық.

Бедүк – биік.

Сүчiг – тәтті. *Сүчiг сабын* – тәтті сөзін.

Учуз – арзан. *Учуз ертi* – арзан еді.

Ыд – ыт, жібер. *Табғаш қазаның iчрекi бедiзчiг ыты* – Табғаш қағаны іштегі бедізшісін жіберді.

Тег – жет. *Түпүтке кiчiг тегмедiм* – Тибетке кішкене жетпедім.

Көне түркі тілімен салыстырғанда қазіргі түркі тілдерінде қолданыстан шыққан немесе сөздік қорда кездесе қоймайтын сөздердің қатарына *ечі* (әже), *табышқан* (қоян), *сү* (әскер), *чығай* (кедей) сөздерін жатқызуға болады.

Қазақ тіліндегі «әже» мағынасындағы көне түркілік «ечі» сөзіне жақын сөз *иче*, *ууча* түрінде хакас тілінде қолданылғанымен, басқа тілдерде өзгеріске түскендігін *асане* (чуваш), *эбэ, эбээ* (якут), *буви* (өзбек), *нәнә* (әзербайжан), *ене, мама* (түркімен), *эне* (қырғыз), *әби* (татар) т.б. сияқты қолданыстардан көре аламыз. Мысалы, *Эбээ, сиэнин кэллэ* – Әже, сенің немерең келді (якут).

«Әскер» сөзінің көне түркілік сипатындағы «сү» [3;516] сөзіне әрі лексикалық, әрі фонетикалық жағынан ұқсас қолданыс чуваш тіліндегі *салтак, сар сынни* сөздермен үндес келетінін, ал басқа тілдерде түркілік емес *аскар* (өзбек), *әскәр* (әзербайжан, ұйғыр), *ескер* (түркімен), *гаскер* (татар, башқұрт), *аскер* (қырғыз) сөздері орныққан. Мысалы, *Рассей сар сыннисем* – Ресей әскері (чуваш).

Көне түркілік «табышқан» сөзінің қазақ тіліндегі қолданысы «қоян» сөзіне сәйкес келеді: *Табышқан йыл бiсiнч айқа тегдiм* – Қоян жылы бесінші айда жеттім. Бұл сөз алтай, қырғыз тілдерінде *коён*; башқұрт, чуваш, татар тілдерінде *куян*; қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, түркімен, ұйғыр тілдерінде *қоян*; тува тілінде *кодан*; өзбек тілінде *қуён*; хакас тілінде *хозан* деп кездеседі [Иссл.,136]. Түркі тілдерінің көбінде *қоян* сөзіне *ақ, сұр, ор* сөздері тіркесіп келген жағдайда қоянның түрлерін білдіреді.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде «қоян» мағынасында *тауышған* сөзі қолданылған [4]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінен әзербайжан тілінде *довшан*; гагауз, құмық, түрік тілдерінде *тавишан*; түркімен тілінде *товшан*; якут тілінде *куобах* деп кездеседі. Көне түркі тілінде *табыш* сөзі секіру мағынасын білдіреді. *Тавышқан* сөзінің шығуы осы етістікпен байланысты болуы керек. Осы сияқты орыс тіліндегі «заяц» сөзінің әсерінен чуваш тіліндегі «қоян» мағынасындағы *сайкка* сөзін айтуға болады.

Көне мұраларда кездесетін «чығай» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы – «кедей» немесе «жарлы» сөздері: *Чығай будунығ бай қылтым* – Жарлы (кедей) халықты бай қылдым. Туыстас тілдерде *камбағал* (өзбек), *иохсул* (әзербайжан), *чох кізі* (хакас) *кедей* (қырғыз), *ярлы, фәкир* (татар, башқұрт) т.б. сөздер орын алған. Көне қолданысқа ұқсас сөз чуваш тіліне тән. Бұл тілдегі «чухан, юрлә, ситмен, сук» сөздерінің ішінде *чухан* көне түркілік *чығай* сөзімен үндес екендігі көрінеді. Мысалы, *чухан хресчен* (кедей шаруа); *жить бедно сук пурнәсна пурән* (кедейшілікте өмір сүру), *örän garup bolupdyr – ол өте кедей еді* (түркімен) т.б.

Ескі жазба ескерткіштердегі «балық» сөзі қазіргі біздің тіліміздегі «қала» және «балық» [3; 80] сөздерімен үндескенімен, көп жағдайда «қала» мағынасында қолданылады: *Қамуқ балыққа тегдiм қунладым алтым сүсi келтi* – Көп қалаға шабуыл жасадым, жорық жасадым. Ал қазіргі туыстас тілдерде *хула* (чуваш), *шахар* (өзбек), *шахер* (түркімен), *шаар* (қырғыз), *кала* (башқұрт) т.б.

нұсқалары да бар. Якут тіліндегі «куорат» сөзі орыс тілінің әсерінен «город» сөзі арқылы орныққан. Мысалы, *хула хёррисем* – қаланың шеті, *хула тулашёнче кан* – қала шетінде дем алу (чуваш).

Түркі тілдері салыстырмалы лексикасына байланысты көне мұралар тіліне сай келетін мұралар тіліне сай келетін кей сөздерді қазіргі туыстас тілдермен салыстыру барысында ортақтық басым бола тұра, кей тілдердің ішкі заңдылықтарына сай келетін ерекшеліктер де кездесіп отырады.

Түбі бір түркі тілі болғанымен, кей халықтар бірлікте өмір сүрсе, кей халықтар басқа топтағы тілдермен көп араласты, бөтен тілден енген сөздердің қатары мол болды. Дегенмен де сол тілдердің туыстығын дәлелдейтін, тарихын көрсетіп, тілдің ортақтығын көрсете алатын сөздер көптеп саналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Синонимдер сөздігі. — Алматы: Арыс, 2007. — 640 б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1986. — 512 б.
- 3 Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969. — 676 с.
- 4 *Қашқари М.* Түрік сөздігі. — I-т. — Алматы: Хант, 1997. — 375 б.
- 5 *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. — Л.: Наука, 1970. — 204 с.
- 6 *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 320 б.
- 7 *Қайдар Ә., Оразов М.* Түркітануға кіріспе. — Алматы: Арыс, 2004. — 360 б.
- 8 *Айдаров Ф.* VIII ғасырдағы Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші. — Алматы, 1989. — 51 б.

П. Бидола, М. Турсунова

Лексическое созвучие древних и современных тюркских языков

Статья посвящена проблеме сравнительного исследования лексики тюркских языков. Путем сравнительно-исторического метода были проанализированы особенности употребления некоторых понятий казахского языка в древнетюркском языке, определена этимология названных понятий, а также проведено сравнение с вариантами в современных тюркских языках. Выявлены общие характерные особенности употребления древнетюркских форм с формами в современных тюркских языках, а изменения в их употреблении в некоторых языках подтверждены анализируемым языковым материалом. На основе анализа этимологических словарей древнетюркского языка и современных тюркских языков, других научных исследований рассмотрены отдельные слова казахского языка с точки зрения их сходства и различия со словами других тюркских языков.

P. Bidola, M. Tursunova

Lexical harmony of ancient and modern Turkic languages

Article is devoted to a problem of comparative research lexicon of Turkic languages, by a comparative-historical method of research features of the use of some concepts of Kazakh of other Turkic languages are analyzed. During the analysis features of the use of these words drevnetyurksky language come to light, the etymology of the called concepts is defined, and also are compared to options in modern Turkic languages. Authors the general characteristics of the use the drevnetyurkskikh of forms with forms in modern Turkic languages come to light and changes in their use in some languages are confirmed by the analyzed language material. On the basis of etymological dictionaries of drevnetyurksky language and modern Turkic languages, other scientific researches words of Kazakh separately are considered, their general signs and distinctions in Turkic languages are defined.

References

- 1 *Dictionary of synonyms*, Almaty: Arys, 2007, 640 p.
- 2 *Explanatory dictionary of Kazakh*, Almaty: Gylym, 1986, 512 p.
- 3 *Old Turkic dictionary*, Leningrad: Nauka, 1969, 676 p.
- 4 *Kashkari M. Dictionary of Turkic language*, I, Almaty: Khanty, 1997, 375 p.

- 5 Shcherbak A. M. *Comparative phonetics of Turkic languages*, Leningrad: Nauka, 1970, 204 p.
- 6 Syzdykova R. *History of the Kazakh literary language*, Almaty: Ana tili, 1993, 320 p.
- 7 Kaydar A., Orazov M. *Introduction to Turkology*, Almaty: Arys, 2004, 360 p.
- 8 8. Aydarov G. *Monument of Kutlyg (Ongin) kagan 8 th centuries*, Almaty, 1989, 51 p.

Ж.Ж. Жарылғапов, Л. Кенешова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: laura_keneshova@mail.ru)*

Оралхан Бөкей туындыларындағы кеңістік пен кейіпкер концепциясы

Мақалада соңғы жылдарда кеңістік пен кейіпкер қатынасын көркем зерделеу нәтижесінде өніп шығып, әдеби тенденциялардың бірі ретінде көрініс берген қазақ прозасындағы экзистенциалды ой ағымы бүгінгі күні айрықша назар аударуға сұранып тұрған мәселелердің бірі қарастырылған. XX ғасырда пайда болған, өз идеялық бастауын Гуссерль, Кьеркегор еңбектерінен алатын әлемдік ой ағымындағы бұл бағытты Марсель, Ясперс, Бердяев, Шестов, Бубер, Сартр, Камю, Бовуар, Хайдеггер сияқты философтардың қолдағаны мәлім. Сондай-ақ авторлар О. Бөкейдің әлем мен жалғыздық арасындағы қарым-қатынасты көркем игеру барысындағы экзистенциалистік ой-пікірлерін талдап, О. Бөкей шығармаларындағы үлкен философиялық проблема – жатсыну мәселесін жан-жақты зерттеген.

Кілт сөздер: О. Бөкей, қазақ прозасы, экзистенциализм, әдеби тенденция, экзистенциалистер концепциясы, философиялық түйін, жатсыну.

Қоғам мен адам, я болмаса кеңістік пен кейіпкер проблемасы қашан да қаламгердің дарын мен парасат-білігін салмақтайтын әдебиеттің рухани өзегі. Кейіпкерсіз көркем шығарманың, кеңістіксіз кейіпкердің көрінуі мүмкін болмағандықтан, осы екеуінің арасындағы жанды байланыстардың өзгермелі күйін суреткерлік құдіретпен бере білу — жазушы көркем туындысының шынайы сапалық өлшеуіші.

70-жылдардағы қазақ прозасында авторлық «Меннің» берілу амалдары күрделене түсті. Қаламгерлердің шығармашылық ізденістеріндегі стильдік процестер түрлі бағыттарда жүріп жатты. Адам тұлғасын, адамзаттың бүгінгі рухани құндылықтарын безбендеуге келгенде бейнелеудің дәстүрлі принциптерімен қоса, балама сарындардың да орын тебе бастағанын аңғару қиын емес.

Соңғы жылдарда кеңістік пен кейіпкер қатынасын көркем зерделеу нәтижесінде өніп шығып, әдеби тенденциялардың бірі ретінде көрініс берген қазақ прозасындағы экзистенциалды ой ағымы бүгінгі күні айрықша назар аударуға сұранып тұрған мәселелердің ішіне енеді. XX ғасырда пайда болған, өз идеялық бастауын Гуссерль, Кьеркегор еңбектерінен алатын әлемдік ой ағымындағы бұл бағытты Марсель, Ясперс, Бердяев, Шестов, Бубер, Сартр, Камю, Бовуар, Хайдеггер сияқты философтардың қолдағаны мәлім. Кезінде «өмір сүру философиясы» деп аталған мұндай бағытты тек буржуазиялық идеологияның, буржуазиялық философияның толғамдарының нәтижесінде дүниеге келген теріс көзқарастар бағыты деген түсініктердің басым болғаны да шындық.

Бір сөзбен айтқанда, экзистенциалистер концепциясы әлем және жалғыздық ұғымынан өрбиді. Әлемдік философиядағы бұл бағыттың ірі өкілдерін ортақтастырып тұратын басты белгі — адам болмысына «Мен» және «Басқалар» ұғымы тұрғысынан келуі. Олар үшін қоғамдық қатынастар сияқты қозғалыс түрлері абстракция, негізгі шындық — субъективтілік. Осындай ой-тұжырымдардың негізгі құяр арналарының бірі — адам өзінің әлемдік жалғыздығын түйсіну арқылы қоғамнан, сондағы қалыптасқан қатынастар мен нормалардан жатсынуы. Экзистенциалистік таным мен олардың ұстанған концепцияларын, теориялық қырларын қарастырған еңбектердің түгелі дерлік келіскен тоқтам бар. Ол — экзистенциализмнің мәдени құлдырау, рухани дағдарыс кезінде күш алатыны. Яғни, экзистенциалистік ой ағымы қоғамдық құрылыстағы және әлемдік деңгейдегі қайшылықтар тереңдегенде, санадағы қақтығыстар кезеңінде адам өзінің фәнидегі жалғыздығын барынша түсінеді деген пікірді ұстанады.

Өткен ғасырда Г.Марсельдің, Ж. П. Сартрдың қоршаған әлемді қатыгез, трагедия мен қарама-қайшылыққа толы екендігі жайлы пікірлері алдыңғы қатарға шықты. Мұндай ой тек қана француз ойшылдарында ғана емес, жалпы экзистенциализмнің теориялық базисі ретінде танылды. Хайдеггердің «Человек есть и он есть человек, поскольку он экзистирует. Он выступает в открытость бытия, какою является само бытие, которое в качестве броска бросила сущего человека в «заботу». Брошенный таким образом человек стоит «в» открытости бытия. «Мир» есть просвет бытия, в который человек вступает своим брошенным существом» деген ойы Ж.П. Сартрды «дүние – бос» идеясымен тамырласып жатыр [1; 212]. Экзистенциалистер осы тығырықтан шығудың жолын адамның жеке болмысы, оның «Мені» арқылы шешуге тырысты.

Жазушы О. Бөкейдің әуелгі «Қамшыгер», «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Мұзтау», «Ән салады шағылдар» кітаптарынан сыншылар мен зерттеушілердің аңғарғаны шығарма бойындағы терең философиялық түйін мен лирикалық желінің шебер үйлесе білуі және психологиялық талдау мен публицистикалық сарынның берік жымдасып келіп, авторлық «Меннің» баса көрсетілуі. Бүкіл шығармалары Өмір – Адам – Табиғат желісіне құрылып, айрықша концептуалдық мағына иеленеді.

О. Бөкейдің әлем мен жалғыздық арасындағы қарым-қатынасты көркем игеру барысындағы экзистенциалистік ой-пікірлері «Қар қызы» повесінен анығырақ көрінеді. Дүние тылсымын, адам-жұмбақтың сырын ашуға ұмтылатын қаламгер кеңістік ретінде Алтайдың қатал да, ешкімге сырын ашпас томырық табиғатын алады. Мұнда қазақ прозасына М.Әуезовпен келген, өзінің төл шығармасы «Қамшыгерде» танылған көркемдік амал — табиғатты адам трагедиясымен қабыстыра суреттеу жүзеге асады.

Повесте Алтайдың табиғаты тек географиялық ұғымды білдіре бермейді. Мұнда табиғат аясы — ғаламның кішірейтіліп алынған моделі. Қаламгер ойынша, олардың адамгершілік сапалары, ақыл-ой өрісі, рухани әлемі ішкі еркіндікті тұсаулаған, өзінің шектеулі заңдылықтары бар адамдар қауымының ортасында емес, алып кеңістікпен бетпе-бет, жеке келгенде ашылуы тиіс. Алып кеңістікте осы үшеуінің тағдыры сыналады, олар кеңістікке сол үшін, Хайдеггерше айтсақ, «тасталған». Нағыз өмір мен өлімнің шайқасы осы жерде басталады. Яғни адам өзінің тіршілігі үшін жан дәрмен. Э. Фромм айтқандай: «Человек — часть природы, он подчинен физическим законам и не способен изменить их; все же он выходит за пределы природы. Он отделен, будучи частью: он бездомен и все же прикован к дому, в котором живет вместе со всеми другими существами. Брошенный в этот мир в определенное место и время, он таким же случайным образом изгоняется из него. Осознавая себя, он понимает свою беспомощность и ограниченность собственного существования. Он предвидит конец — смерть» [2; 158].

Повесте бір-бірінің сырын жетік білетін боп көрінген үшеуі мынау жалпақ әлемде, шет-шегі көрінбестей суық дүниемен жалғыз қалғанда беймағлұм болып келген сырларын ашады. Ең бастысы, олардың кеңістікке деген қатынастарындағы өміртанымдық тайталастары басталады. Демек, экзистенциализмнің шындық, ақиқат өмір мен өлімнің тым жақындап келген аралық ситуацияда ашылатыны жөніндегі идеясы шығарма өзегіне айналған. Жазушы осы бір тартысты ситуацияға кейіпкерлерін әдейі салады да, өлім категориясының мағынасын төрешілік ұғымында қабылдайды. «Ер-азамат не майданда, не жорықта сыналады деген осы. Ол — Бақытжан осынау қар шағылдардың арасынан достарын ғана емес, өзін де іздеп тауып алғандай еді. Ол ұлы жаңалық ашты — өзін ашты». Ал Нұржан «өте сенімді де, мықты жігіт» деп осы қиын сапарға ертіп шыққан Аманжанға енді басқаша қарауға мәжбүр. «Тәңірім-ау, Нұржанның осы екі жігіттен басқа кімі бар еді? «Аманжан, сен осындай ма едің?.. Пышақ жұмсағаны несі? Жо-жоқ, ауылға енді қайтып бармау керек екен. Не болса да осында қарелінде, адамдары аз кеңістікте өлу лазым екен».

«Қар қызы» повесінде заман ағысынан қалтарыста күн кешкен Қоңқай мен сиыршы шал Оралхан суреттеген кеңістіктің тартылыс күшін реттеп тұрған екі полюс секілді. Тіпті жапан даладағы Қоңқайдың жалғыз үйі — бір адамнан тұратын «мемлекет». «Қоңқай мемлекетінің» өзіндік заңдары мен философиясы бар. Ал сиыршы шал болса, осы Қоңқай үшін ен түзді мекен етеді. Яғни, Қоңқай болмаса тыныштық пен жақсылықтың күзетшісі — сиыршының да болуы мүмкін емес. Бұл — қаламгердің жаратылыс диалектикасы туралы концепциясы.

О. Бөкейдің «Қар қызындағы» кей тұжырымдар «Сайтан көпір» повесінде аңғарылмай қоймайды. Туындыдағы негізгі кейіпкерлердің бірі — Аспанның мына монологуна назар аударайық: «Адамнан өткен қаскөй не бар екен мына жалғанда: ендеше, табиғатқа біздерден өгей ешкім де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді жасқана жасырамыз, жанталаса қорғаймыз. Өгейлігімізді білдірмес үшін арпалысып, мұқым жер-жаһан, ұшқан құс, жүгірген аңға үстемдігімізді жүргіземіз. Әттең, Алтайдағы елік жабылып келіп сүзіп, тепкілеп өлтірсе де обал жоқ маған, обал жоқ. Бүкіл әлемдегі жан-жануарлар жабылып, адамзатқа шабуыл жасаса ғой. Мен сонда сол аң-құсқа қосылып, қарсы аттанар едім». Кейіпкердің осы толғанысы көркем туындының жұлгесіндегі философиялық ойдың тірегі ретінде алынады.

«Сайтан көпірде» адам рухының мәңгіліктілігі мен табиғат рухының арасы сабақтас алынғанын аңғарар едік. Адам зауал шақ — өліммен бетпе-бет келіп барып қана өз шынайы болмысын танытатыны жөніндегі экзистенциялық пікір осы шығармада да бар. Өйткені Аспанға да, Аманға да «Сайтан көпірден» өту шаруашылық мақсаттардан гөрі, ішкі рухын сынау үшін керек. «Әркімнің алдында түптің түбінде өтпей қоймайтын «Сайтан көпірі» бар. Тек қорықпағандар ғана арғы

жағалауға шығып мақсатына жетпек». Сайтан көпірден өту дегеніміз — өлімге тым-тым жақын келу немесе өмірмен қоштасу. Бұл тұста А. Камюдің айтқанымен келісеміз. Атақты жазушы: «Дело в том, что у нас нет опыта смерти. Испытанным, в полном смысле слова, является лишь то, что пережито, осознанно. У нас есть опыт смерти других, но это всего лишь суррогат, он поверхностен и не слишком нас убеждает», — деп жазғаны бар-тын [3; 231].

Аспан да «өліп-тірілуді» басынан кешіргеннен кейін өзгеріп сала бергендей, айнала дүниеге, адамдарға деген, өзіне деген көзқарасының көкжиегі кеңігендей. «Бәрібір, Алатай мен ауылды жалғайтын жалғыз дәнекерші — «Сайтан көпірдің» амандығын тілейді. Енді сол қасіретке толы жалғыз көпірден ол айырылды. Өне, быт-шыт болып, қармен қоймалжындаған Қаба өзенінің әр тұсында ағып барады. Тек қана сорайып-сорайып ағаш бағандары ғана қалған. Енді кісі өлімі болмайды. Бетоннан құйып жаңасын салып алар дейсіз ғой. Ол — «Сайтан көпір» емес, бірде-бір адам қорықпай, қарқ-қарқ күліп өте шығады да, Алатай жайлауынан қадір-қасиет кетеді. Адамның бойынан қатерден сескену сезімі жоғалып, мүлдем құрып бітіп, есінетер ессіздік үстемдік алады». Оның ойынша, адамдар бойындағы қорқыныш, үрей сезімдері өлген сайын сұлулыққа, мейірімділікке, биік рухқа деген құштарлығы тұншыға береді.

Кеңістік пен уақыт, құбылыстар мен қозғалыстар сырын адамның субъективті болмысына сүйене отырып қарастыратын экзистенциалистік дүние қабылдау заңдылықтары О. Бөкейдің көркемдік-философиялық танымына әсер еткенін Аспан, Аман бейнелері дәлелдей түседі. Сонымен қатар, шығармадағы философиялық тұжырымдардың жасалуында, осы негізгі шарттарды айқындауда абстракциялы символ-бейнелердің де орны айрықша. Повестегі АНАУ, АЙҚАЙ, ЖАҢҒЫРЫҚ көркем образдық дәрежеге жеткен. Шығармадағы негізгі тартыс кейіпкерлердің жан әлемінде десек, осы тартыстардың катализаторы — символ бейнелер.

Символдың бірталай артықшылықтары да жоқ емес. Символды қолдана отырып, олар туралы тәптіштеп көрсету де керегі аз. Мәселен, Оралханның қолданған АНАУЫ ешқандай түсіндірмені тілемейді. Өйткені халық жадында АНАУларға қандай мінездер тән екені айдан анық. Жазушы осы бейнелерді тәсілдік қолданысқа алып, өзінің орталық кейіпкерлерін ашу үшін, философиялық ойдың бет-бағдарын көрсету үшін пайдаланады.

О.Бөкей үлкен философиялық проблема — жатсынуды да айналып өтпегенін аңғарамыз. Мұндай ой бізге оның тырнақалды туындыларына үңілгенде келеді. Соның бірі — қаламгердің үздік шығармаларынан саналатын «Қамшыгер» әңгімесі. Әңгіме экспозициясы М.Әуезовтің «Қорғансыздың күніне» ұқсас. Арқалық тауының сұсты табиғаты мен Ғазизаның тұрағы бейнеленуі сұрқай тіршіліктің, суық әлемнің суретін берсе, Садақбайдың мекені де елеусіз қалғандай, жалғыздық пен жетімдіктің күйін шертеді. «Түйе тастың құбыласын иектей жұпыны ғана қараша киіз үй тігілген-ді. Үй жалқы ғана. Көз көрімде ел жоқ: тек ұзын сонар қож-қож тастар, сойдақ-сойдақ қарағайлар, алапат таулар ғана қаумалай қоршап, күргейлеп тұрады. Қараша үйдің маңынан ербең еткен баланы да, өріп жүрген жетім лақ та көрмейсіз. Өне бойы өгейсіп, мынау жер-жаһанда аласталып, алыста қалғандай: үн-түнсіз ағарандайтын шалғайдан».

Шығарманың сюжеті өрбуге тиісті кеңістікте көңілге суықтық ұялататын экспрессивтік суретпен беру бұл тұста автордың көркемдік мақсатымен орайлас алынады, характер ашудағы маңызды компонент ретінде қолданылады. Түйетас пен оның ығын тасалаған жалғыз үй, аңырап соққан аңыздың бәрі Садақбайдың мазасыз, шексіз жалғызсыраған тірлігінің белгісіндей.

«Бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан нар кескен жылдарын есіне алғаны ма, екі ауылдың арасын қиулатып, бұғалықсыз асауды құр-құрлатқан жиырма бесім қайдасың деді ме, тіршілікті мынау қолындағы қамшысының сабындай келте, сабындай жылпылдақтығын, әрі ермен шөптей ащылығын ойлады ма, құйрық-жалсыз жалғыздығын енді ғана сезді ме? Ол ішек-қарны ақтарыла, қатты, аса қысастықпен еңкілдеп жылап жіберді. Жылап тұр. Сыңар аяғына ғана сүйеніп еңіреп тұр». Бұл — Садақбайдың кешкен өмірінің ешкіммен жұғыса алмай жападан-жалғыз жортқан күйі өте барғанын ойлап күйзелгені-тұғын. Ол — өзінің адамдар ортасынан жатсынып кетуінің сырын ұға алмай дал болып, қамшыдан басқа сүйенері табылмай, тұңғыықтан келіп тұңғыыққа аттанған пенде. Әңгіме Садақбайдың қарысып қалған қолындағы қамшымен бірге жерленуі арқылы шешім табуы кейіпкер бойындағы шетін күйзелісті берудегі көркемдік амал.

Жатсыну мәселесінде жазушының позициясын толықтай әйгілеген алғашқы шығармаларының бірі — «Мұзтау» повесі. О.Бөкей мұнда өзінің айнымас тақырыбы — кеңістік пен жалғыздық мәселесін негізгі нысана етіп алады да, көркемдік құралдарды осы екі ұғымның аясында топтастырады.

Кеңістік пен индивид арасындағы қарым-қатынасқа үңілу барысында жазушының негізгі идеялық тұғыры — антропологиялық көзқарас, яғни адамның әуелгі табиғи болмысы, алғашқы негізі жайлы тұжырымы бой көтереді. Ақтан — адамдардың қауымдық тірлігінен, бірлескен өмір салтынан саналы түрде жатсынған кейіпкер. Оның пайымдауынша, нағыз ақиқат пен шексіз тазалық табиғатта ғана қалған «кей сәттерде Ақтан әлі табиғаттан толық бөлініп шықпаған әрекет иесі ретінде әсер қалдыратыны» сондықтан.

Жеке адамды жеке құндылық деп қарайтын жазушы адам, қандай да болмасын қоғамдық ортада өзінің осы субъективті қасиетін жоғалтады деген экзистенциалистік бағыт ұстайды. Яғни, адам қоғамдық ортада шексіз еркіндігінен айрылып, ассимиляцияланып кетуі мүмкін. Ақтанның ауылдан іргесін аулақ салуының мәнісі — қоғамдық ортаның әу бастан рухани теңсіздікте болатыны. «Кісі аяғы басып, қолы тимеген дүниенің бәрі киелі» деп санайтын Ақтанды ойға қалдыратыны, есеңгірететіні адамдардың мына өмірді өткінші деп қабылдамайтындығы, яғни абсурдтығын сезіне алмайтындығы. Ақтан өз тағдырын қоршаудан қашып шыққан бұғымен ұқсастыратын эпизод та автор идеясының детальмен меңзелгені. Ақтанның осы бір мінезінің төркінінде не жатыр? Қаламгер бұл сауалға жауапты Ақтанға мүлде қарама-қарсы алынған образ — Қанның аузына салады: «Білем, саған өлім де қорқынышты емес; байлық, мансап, атақ-даңқ та қызықтырмайды. Өткеніңе өкінбейсің, ертеңіңнен үміттенбейсің. Адам боп қуанған да, пенде боп жылаған да емессің-ау деймін. Иә, сен қола дәуірінің бүткіл психологиясын жиғансың. Сондықтан да әлемдегі еш нәрсе таңдандырмай, еліктірмей, бойындағы барлық адамдық қасиеттің қаймағы шетінемей, бүлінбеген таза және табиғаттың өзіндей өміршең. Бірақ ондай тым сезімтал, ажзүрек адамның қазіргі ғасырға керегі жоқ».

Автор образдың психологиялық құбылысын, ішкі тайталастарын беруде өзінше тәсіл таңдайды. Ол — осы тұлғаның жан әлемінде Ақтан мен Аңшы болып айтысады. О. Бөкей кейіпкеріндегі ішкі «Меннің» дағдарысы оның «өзін-өзі» таңдау процесінің аяқталып, тоқтамға келмегенін айғақтайды. Ақтанның бойындағы Ақтан — тұлғаның детерменделген қыры да, Аңшы — тұлғаның жатсынған қыры. «Ішкі» Ақтан: «Сенің қателігің сол — халық ғасырлар бойы ойлап тапқан өмір сүру тәсілінен шығындап шығып, өз бетіңше лағып кеткің келеді. Бойыңда барлық күш-қуат бола тұра, өзің де байыбына бара алмаған жалғыз пәлсапаның шылауында тентіреп жүрсің. Баяғыда-ақ орталыққа көшіп барып, адамдарға бұдан әлдеқайда пайдалы іспен шұғылдансаң.

Аңшы: Пайдалы іс деген не? Түсіндірші маған. Меніңше, дүниедегі ең пайдалы іс сол — дүниеге жалғыз-ақ рет келіп жан тапсыратын адамдарға қиянат жасамау. Егер орталыққа көшіп барсаң, сөз жоқ, өзімізге дұшпан табар едік».

Еріктің («Атау-кере») бойында Ақтандікінен («Мұзтау») бөлек Қонқайлық («Қар қызы») жатсыну бар. Еріктің томырық мінезі, аса қатыгездігі мен бұдан аралар жағдайын салыстыра отырып, суреткер метафоралық параллельге барады. Жазушының қозғайтыны тағы да адамның табиғи тазалығы. Еріктің жанашырлықтан ада, селт етпес қаталдығына іштей мүжілетін Нүрке кемпір баласының африкалық аралармен әуестенуінен қатты тіксінеді. Демек, Нүрке кемпір Еріктің болмысындағы мейірімнің неден өшкенін сезеді. Өйткені бұдан арадан өсіп-өнген ұрпақ пен Еріктің әрекетінде дүбәра тіршілік түйсіктері бар. Ерік — адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі болатынын мүлде жоққа шығаратын жан. Адами сезімдер оған жат, тіпті өзін Айнаға үйленуін өміріндегі шалыс басқан қадамы деп шешіп қойған. Жазушының Ерікке берген мінездемелерінің астарында Ара-символдың орны ұлғая түседі.

«Атау-кере» повесінің композициялық түзілісіндегі Таған мен адам көзінен таса тіршілік еткен Шал желісінің жазушы философиялық ойындағы өзекті айқындау үшін мән-маңызы үлкен. Шалдың өгей тұрмысы бүгінгі заман тірлігімен мүлде қабыспайтын үңгірдегі мекені, тіпті тұрмыс заттарының саналы адамзаттың алғашқы қауымында дүниеге келгендей әсер қалдыратыны жазушының түпкі байламынан сыр тартады. Бұрынғы дәуірдің жәдігеріндей көрінетін Шалдың мекені — үңгірге орналасқан үй, ондағы Қазақстанның екі қиырынан арнайы әкеліп бауырына басқан екі жетім — Қозы мен Баянның жайын О. Бөкей ерекше мән бере суреттейді.

«Адам — орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орманның арасында таза өскенге не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да, ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін... Жоқ, шырағым, мен қара басымды сауғалап келгенім жоқ бұл қу мекен жерге; жалғанның үзірінен, анау екі қозымның амандығын ойлап, олардың дені сау, рухы таза өссін деп келдім бұл жерге; жарықтықтарымның жас жаны жараланбасыншы, ит тірліктің итаршысына айналып, аумалы-төкпелі заманның зәлімі болып кетпесінші деп келдім бұл жерге; бірін-бірі алқымынан алып шайнап тастар қаскөй бірлігінен не пайда, күндердің күні болғанда адамның өзін опық етер ілім-білімнен не пайда». Бұл — Шалдың адамдар ортасын жатсынған тіршілігі, одан табиғи жарастық таппауы — руханилық дағдарысты барынша сезініп, өз тарапынан жасаған

таңдауы. Шал-Таған желісіндегі айтылар ой ауқымының шығарма тақырыбын ашудағы маңызды болатыны автордың көркемдік шешім қабылдауынан да көрінеді. Таған ақырында шалдың «мемлекетін» таңдауы да психологиялық дәйектемесі келіскен, шығарманың логикалық дамуына сай жасалған нанымды шешім болып қала береді.

«Атау-кере» повесіндегі Нүркенің өлім сәті алдындағы көрініске тоқталмай кетпеуге болмайды. Мұнда санаға бағына бермейтін, ақылға жеңдіре бермейтін фрейдизмге тән психологиялық өзгеріске көңіл қояды. Бұл мәселе әсіресе батыс модернистерінің ерекше назарында болған еді. Сол сияқты қаламгер қазақ арасына сіңіп Нюра Фадеевнадан Нүрке атанып кеткен, мұсылмандық сенімге біржола иланып-сенген, намазға жығылған адамның өмірінің соңғы сәтінде бейтаныс күштің ықпалымен мына өмірге өз дінінің шарттары бойынша бақұлдасып, шоқинуы ақылынан тыс жасаған қарекеті ретінде суреттеледі. Ол — өзінің ғұмыр бойы ұстанған сенімінен, өмір салтынан жатсынған адам. Осы уақытына дейін санасының түпкірінде өз дініне деген сағыныш ұялап жатқан. Көркем шығармадағы Айна енесінің сандығынан тапқан икона — Нүркенің өзін-өзі алдаған, өзінен-өзі жатсынған қарама-қайшылықты өмір сүргенінің куәсі. Икона — Нүркенің ақиқат болмысын ашуға қолданылған деталь. Өйткені «Ананың сүтімен рухына сіңген сенім түптің-түбінде бәрібір жеңіп шыққан еді».

Қазіргі адам мәселесін қарама-қайшылықты дүниетанымдар қақтығысында бейнелеу кейінгі уақыттағы прозаның даму процесін айқын етер маңызды тенденциялардың бірі болатын. Яғни, жеке тұлғаны зерттеу, оның арманы мен аңсарын, сезімі мен түйсігін зерделеу әдебиеттің диалектикалық қозғалысындағы тағы бір маңызды белес еді. Экзистенциалистік философияның негізін қалаушылар және таратушылар — Хайдеггер, Ясперс, Сартр, Камю, Марсель, Бердяев сынды ойшылдар мен суреткерлердің XX ғасырдағы дүниежүзілік көркем дамуға қатты ықпал еткендіктен, қазақ әдебиеті де одан тыс тұра алған жоқ.

Адамзаттың қазіргі дамуында жатсынудың, өзіндік жатсынудың бар екендігі бұл проблеманың абстрактылы теорияларға негізделген, ойдан құрастырылған проблема емес екендігін көрсетті. Өздеріне табиғат заңдарының үстемдік ететінін, өздерінің қоғамдық әрекеттері олардың абсолютті еркіндігіне шек қоятынын адамзаттың түйсінуді — жатсынуды дүниеге келтірді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Хайдеггер М.* Время и бытие: Статьи и выступления; пер. с нем. — М.: Республика, 1993. — 447 с.
- 2 *Фромм Э.* Психоанализ и религия // Сумерки богов / Сост. и общ. ред. А.А. Яковлева. — М.: Политиздат, 1990. — С. 143–221.
- 3 *Камю А.* Миф о Сизифе. Эссе об абсурде // Сумерки богов / Сост. и общ. ред. А.А. Яковлева. — М.: Политиздат, 1990. — С. 222–318.

Ж.Ж. Жарылғапов, Л. Кенешова

Концепция персонажа и пространства в произведениях Оралхана Бокея

В статье рассмотрена литературная тенденция — экзистенциальное мышление. Отмечено, что этот термин появился в XX в. Это мировое течение берет свое начало в трудах Гуссерля, Кьеркегора, а поддержали его такие философы, как Марсель, Ясперс, Бердяев, Шестов, Бубер, Сартр, Камю, Бовуар, Хайдеггер. Проанализировано экзистенциальное мышление между миром и одиночеством в нескольких трудах О. Бокея. Кроме того, особое внимание обращено на то, что О.Бокей рассмотрел такую большую философскую проблему, как отчуждение.

Zh.Zh. Zharylgapov, L. Keneshova

The concept of character and space in the works of Oralkhan Bokey

The article deals with the literary trend — existential thinking. This flow appeared in the twentieth century. It took the world for its roots in the writings of Husserl, Kierkegaard, and supported Marsel philosophers, Jaspers, Berdyaev, Shestov, Buber, Sartre, Camus, Beauvoir, Heidegger. Also in the article, the authors analyze the existential thinking between the world and loneliness in O. Bokey's several works. Soichi note that O. Bokey considered the most philosophically problem — estrangement. This opinion was observed in his first writings.

References

- 1 Heidegger M. *Time and Being: Articles and Speeches*: trans. from German, Moscow: Republic, 1993, 447 p.
- 2 Fromm E. *Twilight of the Gods / Comp. and Society*. edit. A.A. Yakovlev, Moscow: Politizdat, 1990, p. 143–221.
- 3 Camus A. *Twilight of the Gods / Comp. and Society*. edit. A.A. Yakovlev, Moscow: Politizdat, 1990, p. 222–318.

Р.С. Каренов

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Жамбыл — ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын

Жамбыл Жабаевтың туғанына — 170 жыл

Мақалада суырып-салма ақындарға тән жыраулық және ақындық екі қасиетті де ұштастырған Жамбылдың шығармашылық қызметі суреттелген. Оның өз ұстазы Сүйінбай Аронұлының жарқын ақындық мектебінен және Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның басқа да белгілі ақындарының мектептерінен өткендігі дәлелденген. Жамбыл шығармашылығында айтыстың барлық түрлері кездесетіндігі көрсетілген. Жамбыл көптеген даңқты ақындармен поэзиялық тартысқа түскендігі және олардың бірде біреуінен жеңіліп көрмегендігі көрсетілген. Оның айтысқа мүлдем жаңа идеялар және тың тақырыптар енгізгендігі, айтысты рулық-тайпалық санадан жоғарлатқаны, жалпыхалықтық деңгейге көтергендігі, оған өткір әлеуметтік бағыт бергендігі туралы қорытынды жасалған. Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы нағыз ұлтжандылықтың, туған жерге данышпандылыққа шынайы сенімділіктің үлгісі болғандығы паш етілген.

Кілт сөздер: ақын, өнер, ұстаз, жыр, өрлеу, айтыс, халық, бағалау, жеңу, теңеулер.

Kipicne

Жамбыл Жабаев өзінің ғасырға жуық ғұмырында тау мен даланы жырлады. Поэзия әлеміндегі туған халқының мақтанышы, әлемдік деңгейдегі жыр алыбына айналды. Оның ақыл-ойға, парасатқа, терең тарихқа, мөлдір сырға, нәзік сезімге, бай образға толы поэзиясы өлеңге құштар, өнерсүйер әрбір жанды сүйсінтті. Жамбыл бабамыз — есімі қазақ әдебиетінде алтын әріптермен қалған ғажайып құбылыс! Алып та биік, айдынды да айбынды жыр жампозы!

Ақиық ақынның жыры да, сыры да мәңгілік тақырыпты қозғайды. Яғни, тіршілік және адамтану жөнінде! Жыр дүлділі Жамбыл Жабаев есімінің бүкіл жер шарын шарлаған кезі — жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының ортасы. Оның өлеңдері Азия мен Еуропа және басқа да континенттер ұлттарының елу шақты тілдеріне аударылған.

Жамбыл Жабаевтың өнегелі өмірінің өрнекті тұстары

Жетісу өңіріне ғана емес, бүкіл қазаққа аты мәшһүр жыр жампозы Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауының баурайында, Ұлы жүздің ішіндегі Шапыраштының Екей руынан шыққан Жапа Ыстыбайұлының отбасында дүниеге келген [1; 6].

Әкесінің аты Жапа болғанымен, ел Жабтай деп атап кеткен. Жапаның Ұлданай атты әйелінен Тәйті, Жамбыл, Коман туады. Арғы аталары дәулетті кісілер болғанымен, Жамбылдың әкесі Жапа «шоқпыт шапанды көшпелі кедей болған».

Тумысынан өнерге жақын Жамбыл молдадан дәріс алуды қаламаған. «Батаңды маған бер, әке» [2; 8] деген өлеңінде:

*Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке,
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке,
Ұрлық түбі – қорлық деп,
Болармыз құр келеке, —*

деп өлеңнің соңында ақындық жолға түсуге бата сұрайды.

Жүрегіне өлең ұялаған дарынды жігіт жастайынан біржолата ақындық жолына түседі. Оған ақынның мына жыр жолдары куә [2; 6, 7]:

*...Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
Райыттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп.*

*Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма.
Сол еңбек қалытқыдай кетті алып,
Байлардың жақындатпай мырзасына.*

*Өленді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай үштім.
«Жас ақын», «жап-жақсы ақын», «Жамбыл ақын»
Дегенде, дара болып көзге түстім.*

*Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзатты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.*

*Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалтылдадым.*

*Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа.
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.*

*Жауларды ел қарғаған жамандадым,
Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап, ел не дер деп, алаңдадым.*

*Келгенде жеме-жемге, елде қалдым,
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым.
Шалқардың шалқып жүзген мен аққуы,
Келмеді сасық, шалшық жерде қалғым.*

Жастайынан ақындық өнерге құмартқан Жамбыл 14 жасында жырдың пірі Сүйінбай ақыннан бата алып, сөз өнерінің даңғыл жолына түседі. Сүйінбай Аронұлы – шашасына шаң жұқпаған айтыс ақыны, от тілді, орақ ауызды шешен, қазақ шежіресінің сұңғыла білгірі, өлеңнің қызыл желі. Жамбыл өзінің ұлы ұстазынан осы қасиеттердің бәрін алды.

Қазақ халқының ұлы ақындары Сүйінбай мен Жамбыл — егіз құбылыс. Екеуін бірінен-бірін бөліп қарауға болмайды. Алып бәйтерек тамырдан өседі десек, Жамбылға нәр берген тамыр – Сүйінбай.

Содан да шығар Жамбыл:

*Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай! —*

деп өмір бойы аузынан тастамай кеткен. Жамбыл 35 жасында, яғни 1881 жылдың күзінде, Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастардағы ақын Құлмамбетпен (Құлманбетпен) айтысып, жеңіске жетеді. Содан бастап Жетісудың ең үздік ақынына айналады.

1913 жылы Алматыда Романовтар династиясының 300 жылдық тойына арналған көрме ашылады. Алматының губернаторы патшаны мақтату үшін Жетісу ақындарын жинайды. Осы жиында айтқан «Өстепкеде» деген өлеңінде Жамбыл патшаны мақтауға бармай, керісінше, көрмеге келген ел әкімдерінің жағымсыз мінездерін сынайды [3; 23].

Тарихтан мәлім, 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталып, ұзаққа созылған соғыс зардабынан патшалы Ресей империясы құрамындағы халықтар қатты күйзеліске түсті. 1916 жылы қазақ халқынан Ресей императоры он тоғыз бен отыз бір жас аралығындағы тепсе, темір үзетін атпал азаматтарды соғыстың қара жұмысына алу туралы Жарлық шығарды. Бұл жастағы жігіттер аграрлы қазақ қауымында негізгі асыраушы күш болғандықтан, еркек кіндік атаулыны жаппай майданға әкету қазақ ұлтының әлеуметтік-демографиялық күйреуіне әкеліп соғар еді. Осыны түсінген халық Қазақстанның түкпір-түкпірінде патша өкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Көтерілістің негізгі үлкен-үлкен ошақтары Торғайдағы Амангелді Иманов, Жетісудағы Бекболат Әшекеев бастаған ереуілшілер болды. Осы Жетісудағы көтеріліс кезеңінде жетпіс жастағы Жамбыл Жабаев «Патша әмірі таралды (1916 жылғы оқиға)» [2; 20-21] атты өлеңінде:

*...Патша әмірі таралды,
Оған қылар бар ма ылаж?
Ішке толған зарымды,
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?!
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтып өтерміз?! —*

деп халық көтерілісінің түпкі мәнін ашып көрсетіп, көтерілістің басты ұраншысына айналады.

Жамбыл патша жандармы бұйрығымен тұтқындалып, жетпіске қараған шағында түрмеге отырғызылады. Халқының ақынына деген сүйіспеншілігінің арқасында ақын абақтыдан босап, бостандыққа шығады.

Кеңестік дәуір кезеңі ақын шығармашылығының жаңа бір дәуірде өзгеше түрленуі болып көрінеді. 1916 жылғы дүрбелеңдер 1917 жылғы атакты революцияға ұласып, бұл тарихи оқиғалардың соңы әлем картасында КСРО атты жаңа алып империяның пайда болуымен аяқталды. Ұлттық құндылықтармен қаруланған Жамбыл рухы бұл кезеңде де жыр жорғасынан жаңылған жоқ.

Ақын жаңа қоғамды үкімет оң қабақ танытпай тұрып-ақ, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында жырға қосты. Жырау 1924 жылы өзінің «Қазақстан тойына» [2; 35] атты жырында:

*Халықтың енді міне жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені.
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекінгені.
Елімді сансыз жылдар қоршап тұман
Өмірінде азап шегіп өкінгені.
Елімнің үкіметі көп жасасын!
Намысты жауымызға кетірмеді.
Болайық үкіметке кедей ұйтқы,
Секілді, темір тіреу көпірдегі.
Жарқырап тұла бойды шаттық кернеп,
Ажарым шырайланды бетімдегі.
Ағытқан бар арынын арғымақтай,
Қиырдан қия шауып лепіргені.
Сенімен туған елім біте қайнап,
Жан емен әңгіменің шетіндегі.
Сондықтан, бабаң Жамбыл әнге шырқап
Қырандай қос қанаттың серпілгені, —*

деп толғынысқа түседі. Қорғасындай құйылған осы жыр жолдарының бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған заманмен ғажап үндестігін көреміз. Сонау өткен ғасыр басында Жәкең Қазақстанның тәуелсіз ел болып түлейтінін, үй болып ірге қалайтынын болжап отырғандай сияқты [4].

Негізі, Жамбылдың шығармашылық өрлеу жылдары – XX ғасырдың 30-жылдар іші. Ақын 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып, орден алды. Дәл осы жылы Жамбылдың Кеңес елі тұсындағы «Туған елім» атты атакты толғауы жарық көрді. Жырдың негізгі лейтмотиві — жаңа заманнан мүмкіндігінше өз үлесін алған, жасарып жаңарған қазақ елінің бейнесі.

Ақын былай жырлайды:

*Содан бастап қазаққа,
Қимылдарлық әл кірді,
Кеудесіне жан кірді.
Жан кіріп қана қоймайды —
Ел боларлық сән кірді.
Сәнді қазақ елінде —
Қартайғанда ән салған,
Өлеңін қойдай тоғытқан,
Тыңдаушысын ұйытқан —
Көретін болдың Жамбылды.*

Бұл жолдардан 20-30-жылдардағы қазақ халқының басынан өткен тауқыметіне қарамай, халықтың еңсесін көтеретін асқақ рух екпінін көреміз.

1938 жылы Жамбылдың шығармашылық қызметінің 75 жылдығы мерекеленгенде, дүние жүзінің ұлы ақын-жазушылары Мартин Андерсен Нексе, Ромен Роллан, Анри Барбюс, Рабиндранат Тагор, Катерина Сусанна Ричард, тағы басқаларды ақынды құттықтап хат, жеделхаттар жолдаған. Кезінде ол «XX ғасырдың Гомері», «Халық поэзиясының алыбы» атанды. 1941 жылы «Әлемге аян жырлары үшін» делініп, оған Одақтық дәрежедегі Сталиндік сыйлық берілді [5; 9].

Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбыл өлеңдері майдан даласын шарлап, жауынгерлерді ерлікке, ел қорғауға шақырды. «Ленинградтық өренім» [2; 81–85] өлеңі Ленинградты қорғаудың нағыз бір ауыр күндерінде шығарылып, ұранға айналды:

*Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған,
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!
Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат —
Жаудың болуға ермегі.
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді —
Жау біткенді жеңгелі.
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен,
Тұтағандай ел кегі,
Жолды кернеп қол кетті,
Сендерге дем бергелі.
Нева алабын қорындар,
Ленинградтың ерлері.
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі!...*

Бұл өлең плакатқа басылып Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қаласы) көшелерінде ілінген жыр жолдары халықты рухтандырды. Ел еңсесін тіктеді. Солдаттар соңғы күшін жиып, жауға тойтарыс берді.

Жамбылдың ақырғы жыры 1945 жылы 9 мамырда айтылды. Ол жырда неміс басқыншыларын халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігі дәріптелді.

Жыр алыбы жүз жасқа қадам басқан шағында, яғни 1945 жылы 22 маусымда, дүниеден өтті. Ақынның денесі өз қолымен өсірген бағына жерленіп, ол жер кейіннен Әдеби-мемориалдық мұражайға айналды.

Қорыта келе айтарымыз, жыраудың «Ақын болдым» [2; 28–33] атты керемет толғауында:

*Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің,
Жолда жатса тимедім.
Жыртық киім кигенім,
Арық, жауыр мінгенім.
Думан топты қақ жарып,
Жастық шақта жүргенім.
Ақ бөкендей желгенім,
Ақынның көріп мергенін.
Өмірменен жанасып,
Жарлыменен санасып,
Ақиқатты сөйледім.
Ақ домбыра ермегім,
Сөздің оғын кезесем,
Алыстан атып жеткіздім.
Дұшпанға арнап кезесем,
Өңменінен өткіздім.
Мерген болдым, атқышпын,
Көздедім көрсең қылаңды.
Шешен болдым, тапқышпын,
Төте жолмен төтелеп,
Елдің сырын жетелеп,
Арқадан арқа қыр асып,
Егескенге шыдасып,
Жамбылдан кім бар шыдамды?!
Он жеті мен он сегіз,
Тал шыбықтай бұралған.
Жас ақын Жамбыл атақты,
Он үштен бастап сыналған.
Жүйесін тапқан жел сөзді
Үйсін, Найман құп алған.
Көргұлы Сұлтан, Өтеген,
Шежіресін тыңдаса,
Шығушы еді құмардан.
Өлеңді жастан дарытқан.
Малға қашан жарытқан.
Жамбыл ақын нәсібі
Өзімді сүйген халықтан.
Қазынасы кең дүние,
Жамбыл қашан тарыққан... —*

деген сөздері оның азаматтық та, ақындық та анкетасы сияқты.

Қазақ елі жыр алабының 100, 150 жылдық мерейтойларын салтанатпен атап өтті. Жамбылдың академиялық толық жинағы шықты. Мұрасы әлі де зерттелуде.

Жамбылдың ақындық қызметінде айтыстың елеулі орын алуы

Ауыл арасында ірілі-ұсақ тіршілік әңгімесін өлеңге қосып немесе әлдебіреулердің жақсылы-жаманды мінез-құлықтарына арнау сөз айтып жүрген Жамбылдың ақындық атағын шығарған айтыс болды. Айтыс өнеріне тән барлық тәсілдерді ұтымды әрі шебер пайдаланған ақын сөзден ұтылмаған. Арғы-бергі тарихты жетік білген Жамбылдың қарсыластарына айтқан уәжі де берік, мығым. Сонымен бірге Жамбылдың айтыстың аламанына түсіп, сөз сауған замандастарының көбінен ерекшеленіп тұрған бір қасиеті – оның айтысты дүние, мал табудың құралы емес, ерекше өнер түрі ретінде қарауында деп білген жөн.

Жамбылдың айтыс өнері тарихындағы бел-белестерін тізіп өтер болсақ, Сайқал қыз (1864-1865), Жаныс ақын (1866), Бөлектің қызы (1870), Бақтыбай (1872), Бұрым (1873), Сара (1875), Сары тәрізді ақындармен арадағы сүре айтыстарын ерекшелеп айтудың жөні бар. Әрбір айтыстың әңгімесі — бір-бір дастан. Бұл айтыстарға суреткерлік, тапқырлық, тереңдік тән. Сезімді жетектейді, ойынды жарқыратады, тілінді түрлендіреді.

Жамбыл өзінің ақындық өнерін көбінесе «Жамбыл мен Құлманбеттің айтысы» [2; 96-108], «Жамбыл мен Досмағанбет» [2; 108-132], «Жамбыл мен Бөлтірік» [2; 132-133], «Жамбыл мен Айкүміс» [2; 134-136], «Жамбыл мен Шашубай» [2; 137-144] атты айтыстар үстінде көрсете білген.

Жамбылдың айтыстағы бір ерекшелігі — өзінің ақындық өнерін тиісті идеялық бағытта пайдалана білетіндігі, халық атынан сөйлеп, халыққа арқа сүйеп отыратындығы, оның беделін асырып, халық ақыны дәрежесіне дейін көтереді.

Бір айтыста атағы жер жарған, ешкімге дес бермейтін, азулы Құлманбет Жамбылды кемсіту мақсатында өзінің руластарының шылқыған байлығын, беделін асыра мақтап, ал Жамбылдың кедейлігін бетіне басып, Сұраншы, Саурық дегендерің өз ажалынан өлмей, жаудан өлген деп кеміткеніне жауап ретінде Жамбыл Сұраншы мен Саурықтың өлімі, елін, жерін қорғаған ерлік өлім екенін, ерлердің жорық тарихын зор мақтап, батырлықты байлыққа қарсы қояды:

*...Сұраншы, Саурық батырым,
Шетіне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлап халықтың,
Тар кезеңді бермеген.
Бұл сөзді мұнда тастайын,
Сабыр қылып саспайын.
Теріскей тұрсын жайына,
Күнгей жақтан бастайын.
Ол күнгейді жерлеген,
Желмая мініп желменен,
Түрік пенен Түктіқұрт
Сол кісіден тараған.
Байтелі, Қаумен, Дәулетті,
Жәпекпенен төртеуі —
Бәрі бірдей әулетті.
Өнері асып әр жаннан,
Түзеген көшін сәулетті.
Асықпай тыңда, Құлманбет,
Беремін кезек нәубетті.
Онан былай өтейін,
Көзіңді сенің көр қылып,
Көлденеңдеп кетейін.
Ертерек жүріп ентелеп,
Серектасқа жетейін.
Серектасты жерлеген,
Байлығы тасып көлдеген,
Қылыбай ұлы Қожбамбет,*

Көк берендей түтеген.
 Көкірегіне құдайым,
 Тоқымай нұрды бітеген.
 Айға білеп азуын
 Аспанға қолын сілтеген
 Өтеген, Қазыбекке барайын,
 Сол жерде жатқан өтендеп,
 Атамыз тұрған мекендеп.
 Ыбырайымның алты ұлы,
 Алтауы да арыстан.
 Дұшпанын табанына жанышқан.
 Ең үлкені Нұрғожа,
 Онан кейін Айғожа,
 Онан кейін Байғожа,
 Райыс, Допас тағы бар,
 Алланың берген бағы бар.
 Қазақтың қамқор ерлері,
 Қарулымен қағысқан,
 Азулымен алысқан.
 Уа, Құлманбет, сөз тыңда,
 Байларым деп салмақтап,
 Не қыласың құр мақтап,
 Өңкей ақымақ есекті.
 Елдің сиқын кетірген,
 Кәсіп қып, өтірік-өсекті.
 Баймын деп сендей тасыман,
 Кедеймін деп жасыман!
 Берекелді елді айтам,
 Ел қорғаған ерді айтам,
 Басымнан сөз асырман!...

Осы айтыста Жамбыл батырлар елді жаудан қорғап өлетін болса, Құлманбеттің ағасы Мақсұтты ағайындарымен ұрсысып, байлық үшін таласып, аяқ-асты даудан өлгендігін бетіне басады. Мені қара күннің баласы деп кемсітесің, сен өзің қашып келген актабан ұрысың деген фактілерді алдына тартады. Құлманбетке Жамбыл:

...Оның рас, таз Құлманбет, —
 Сұранишы, Саурық пенен жаудан өлген,
 Халық үшін шәйіт болып жанын берген.
 Елді қорғап өлгеннің арманы не,
 Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
 Қазылық қып кетіп не еді, Мақсұт ағаң,
 Шытыр жеген түйедей көні кеуіп,
 Бір сайда іріп-шіріп аунап өлген.
 Түлен түртіп отыр ма, таз Құлманбет,
 Кәріқұл мен Сақаудан аз
 Құлманбет. Алақандай басыңның
 бір қылы жоқ, Боласың неменеге,
 мәз, Құлманбет?!
 Құлманбет, мен білемін түбің Уақ,
 Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап.
 Басыңды осы арада кесіп алсам,
 Құныңды алар кісі жоқ, іздеп, сұрап.
 Үстіңе жайдың оғын жайлатармын,
 Екі қолыңды артыңа байлатармын.
 «Без белет, кісі өлтірген қашқын жүр» —
 деп, Жұртыңа здавайттап айдатармын.

*Құлманбет, қызынды төрт ат, жүз теңгеге,
Дунганға сатып жүрсің,
Қызыққа тамашаға батып жүрсің.
Апиын ақыреттік азығың боп,
Соттан сотқа басыңды шатып жүрсің.
Құлманбет, ақын Шаниар, Суанды алдың,
Нашар едің, бұл күнде жуандадың.
Сенің де мақтанатын жайың да жоқ,
Қуарып, үш бешпетпен қуандадың.
Құлманбет, Суанды алдың Албанменен,
Албанды бай болмадың алғанменен.
Байғұс-ау, қай жеріңнен мақтанасың,
Есің жоқ, шашың жұртта қалғанменен.
Арқадан ауып келген ақтабансың.
Елді алдап, акынмын деп мақтанасың... —*

деп әрі дәлелді, әрі басым шығады.

Бұл ұзақ сөз тартысында Жамбыл жеңеді. Осы айтысты ұлы ақынның өзі былайша бағалағаны белгілі: «Осы айтысқа екі елдің билеушілері мен ұлықтары 500 сом бәйге тіккен екен. Ондағы жылқы құны 10-15 сомнан аспайтын. Құлманбетті мен жеңуін жеңдім, ақшаны жуандар жеді. Осы айтыстан соң бір жылдан кейін Құлманбет мені ертіп Қырғыз Шабдан ауылына барған еді. Сонда ақындық өнерін бір көрдім. Құлманбет Айтұлы үлкен ақын еді» [6; 9].

Енді бір үлкен жиында тоғыз ақынды бірдей жеңіп, өзіне тең келетін ақын жоқтығын айтып, Досмағанбет деген ақын тасып отырады. Осы елде Жамбыл деген ақын бар дейді, маған соны шақырып келтір деп тілек білдіреді. Сол жиынға шақыртумен келген Жамбыл да, Сүйінбай, Шөжедей бергі ақындық дәстүрді, өзі сол жолды қуған алып екендігін айтып, Досмағанбетпен айтысуға дайын екендігін айтып, айтысып көр дейді. Сол айтыста Досмағанбет Жамбылға қарап өзін таудан аққан бұлақтай сөзі мол, тұлпар аттай жүйрік ақынмын, байлығым, салтанатым сенің аймағыңды он орап алады, Қолдай, Маман, Желдібай байларым бар, маған теңі келер жерің жоқ, елің де, өзің де қу кедей, киер киімің жоқ, келер жерің жоқ, ішер асқа жарымай, өлеңмен қайыр тілеп, күн көріп жүрген қойдың кәпірі азбанындай ақынсың, — деп соқтығады.

Сонда Жамбыл оған қарсы шығады. Өлеңнің асау теңіздей, нажағайдай оқ боп атылатын сөзім бар ақынмын, апшынды қуырып, алды-артыңды орап алайын, елді қорғаған батырың қайда? Еліме шапқан жауға қара түнек орнатып, қару жарағын асынып, Алатауға қарай асынған Қарасайдай ерлерің жоқ, немен мақтанасың? Өзіңе бір тиындық пайдасы жоқ, тайын мінуге бермейтін байды несіне мақтайсың. Сенің молдалығың да байға сатулы, — деп айқасады:

*...Молда ақын сонша неге мақтанасың,
Мақтанып, көтеріліп шаттанасың.
Балықтан тапқаныңды шығыңға сап,
Старшын, би болысты атқарасың.
Пенде жоқ жақсылыққа таласпайтын,
Мейірсіз бай кедейге қараспайтын,
Би мен қу алдап қанын,
Теспей сорып
Мінез бар иттердің аластайтын.
Байлардың құлқы жаман мақтайтұғын,
Ат мініп, асын ішкен жақтайтұғын.
Нашардың күшіменен пайдаланып,
Жері осы маған байдың жақпайтұғын.
Қу молда, орыны жоқ сарнамалық.
Байлар жүр кедей күшін пайдаланып,
Байды мақтап, нашарды аузыңа алмай,
Мұнымен оңаласың қайда барып?!
Шықпайсың қыр басына мұныменен,
Болды, сөзді сөйлегін құныменен.*

*Жамбылдың айғай салған даусыменен,
Тау мен тас ән қосады үніменен.
Кетерсің жерге кіріп жынды, антұрған,
Мен саған қаһарлансам шыныменен.
Не тоқталып — не жеңіп, не жеңіліп,
Созылып отырғаниша күніменен.
Аз сөздің тәттілігі болар балдай,
Отырсың айтыспақ боп көңілің дардай.
Қабанды Бақтыбаймен ап келсең де,
Келеді шаужайымнан ешкім шалмай!
Көтере көп мақтадың еліңді сен,
Айтыссаң бұғын бекем беліңді сен.
Бұл жаққа күліп келіп, жылап қайтсаң,
Табуға қиын болар жеріңді сен.
Әдепті мейман болсаң, сыйың болар,
Сый білмес сиыр болсаң, қиын болар.
Алыстан аңсап келіп, шаршап қайтсаң,
Тағы да бір бас қосқан жиын болар.
Бұл істің уағында болғаны анық,
Айтысты көтерелік жоғары алып.
Сөйлеген көңіліңдегі сөзің болса,
Осымен бір кішкентай доғаралық.*

Сөйтіп, бұл айтыста Жамбыл Досмағанбеттің мысын басып жеңіп шығады. Жамбыл мен Шашубай айтысында ақындық қиял-шабыттан туған асыл сөз тізбектері жеткілікті. Шашубай ақын қарсыласын ықтыру үшін өзі туралы, ақындық өнері жөнінде асқақ сөйлейді. Бір ретте өзі жайында:

*Ақынның сүйір келер тіл мен жағы,
Іркілмей осы күнде сөйлер шағы.
Көрмекке бізге уажып нұр дидарың,
Жетісу, аманбысың, ел саңлағы?!
Жайылды Шашубай боп менің атым,
Кеудемде саудырлап тұр жазған хатым.
Бұл жерде дәм-тұз айдап, жүз көрістік,
Жүрмісің, жалпы тегіс, асыл затым?
Жүрмісің аман-есен, молла Сәтім,
Ілгері болыстардан салтанатың.
Сұңқар болып туыпсың Ниязбектен,
Тарайды Есенқұлдан арғы затың.
Және де жәрдем болған бабаң Жаныс,
Ер дейді, қазы болған жұртқа қалыс.
Шашубай күнде бүйтіп келе бермес,
Теңіздің аяғында, жерім алыс, —*

деп екпіндейді.

Сонымен бірге Шашубай Жамбылға:

*Жайындай өрге жүзген қадамдысың,
Әр жерден атағың бар хабарлысың.
Дулатта мойны озған жігіт дейді,
Алтысбай, Мәңкеменен, аманбысың? —*

деп оның да өнерін қадірлейтінін білдіреді.

Асылы, сөз майданында өнер көрсеткен ақындар бір-бірімен тең әрі азулы, адуынды болса, олардың аузынан кесек-кесек ойлар, уытты сөздер ақтарылатын сияқты. Бір-бірінің қытықтарына тиіп, намысын қоздырып, шабытын тұтатып, жігерін жанып, жүрек тереңінде жатқан асыл ойларды, тұнық сезімдерді, мөлдіреген әдемі, суретті сөздерді оятып қозғайды. Өз кезегінде Жамбыл да есесін жібермейді. Мәселен:

*Өлеңнің дария кенімін,
Еділ менен Жайықтай.*

*Зырқырап Жамбыл сөйлесін,
 Өрге жүзген қайықтай.
 Сынға түссін сөзіміз,
 Осы отырған, халыққа-ай!
 Бақ, дәулетім басылмай,
 Жетісудың саңлағы,
 Тегіс отыр қасымда-ай
 Бағып сөйле аузыңды,
 Еліре берме, Шашубай!
 Ерегіссең менімен,
 Тауып ұстас теңіңмен.
 Ерегіссең, Шашубай,
 Еңсенді үзіп кетермін,
 Аспаннан түскен жасылдай!
 Қаракерей Қабанбай,
 Қанжығалы Бөгенбай,
 Шапырашты Наурызбай,
 Соларға кезек бермеген,
 Ұлы жүздің ішінде,
 Ұраным менің, Қарасай!
 Қарасайдың ұлымын,
 Айтулының бірімін.
 Нар кілемнің түгімін,
 Қызыл тілін безеген,
 Найзасын тасқа егеген!
 Алды-артынды буамын,
 Сені асырмай кезеңнен!*

Жамбылдың Шыбыл шалмен қағысындағы бейнелі жолдары ой-қиялды тербетіп, жанды серпілтеді [7; 8].

Шыбылдың да мына бір шумағы өзіндік сыр-сипаттан құр емес:

*Екейде елу бақсы, сексен ақын,
 Жаратып мінеді екен ерттеп атын.
 Қобызы, домбырасы үнін қосып,
 Гулейді жын қаққандай кешке жақын.*

Жамбыл Шыбылға берген шағын жауабында «Құмға біткен селеудей, шілше тозып кетіпсің», «Төрт құлақты кемедей», «Өрт өшірген немедей» деген сияқты шыншылдық мағынаға құрылған теңеулерді төгіп тастайды.

«Жамбыл мен Айкүмістің айтысы» [2; 134–136] — қыз бен жігіт айтысының үздік үлгісі. Сыйластықтың бен сырластықтың бедерлі белгісі.

Айтысты Жамбыл бастап, Айкүміске былай деп үн қатады:

*Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
 Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.
 Әуірі басылмаған албырт едім,
 Асығыс айтқаныма кінә қойма?!*

Айкүміс сыр мен сезімді, ой-сөз жүйесін төмендегіше жеткізеді:

*Аптығып, ә дегеннен амандаспай,
 Әдепті үйренбепсің, Жамбыл жастай.
 Асылға аспандағы қол жетпей ме,
 Ақылмен қимылдасаң асып-саспай.*

Қыз жауабы ойлы. Сыр мен сымбат айқын. Әрі астар да, мән де бар.

Сонда Жамбыл:

*Айкүміс, асықпауға шама бар ма,
 Жасшылық ұрындырды талай жарға.
 Сен үшін, жатсам,
 Тұрсам арманым көп,
 Жем болып кете ме деп жамандарға, —*

деп түпкі көзқарасын бүкпесіз баяндайды.

«Жамбыл мен Айкүмістің» той үстінде кездесуі жарасты жастықтың символын аңғартып, сөз сайысының келісті, үйлесімді үлгісін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Жамбылдың айтыстарында ой да, пікір де, сөз де мөлдіреп тұр.

*Жамбыл ем кеше кім едім:
Дуадақ едім шөлі жоқ,
Аққу едім көлі жоқ,
Сыбызғы едім үні жоқ,
Асыл едім құны жоқ.
Енді, міне, кім болдым,
Елім сүйген жыр болдым! —*

деп өзі жырлағандай [2;35], шашасына шаң жұқпаған дана жырау ақындық туын әрдайым жоғары ұстаумен өтті.

Түйін

Жамбыл жырларының халықтар жүрегінен өшпес, өлмес орын алуы — оның ұлылығының белгісі. Сондықтан да армян ақыны А. Геворк [8; 5]:

*Сенің жырың — миллионның, өз жыры,
Сенің тілің — миллионның өз тілі,
Сенің жырың жатталады
Бүкіл совет елінде.
Мәңгі-мәңгі сақталады
Бақытты Отан төрінде», —*

деп жазды.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі», — деп толғанған екен кезінде даңқты жазушы Сәбит Мұқанов.

Бұл сөздер – ақын өмірі мен шығармашылығына, оның ғасыр жасаған, ерлікке толы поэзиясына берілген әділ баға, біздер үшін мән-мағынасын ешқашан жоймайтын құнды деректер. Бұл мәліметтер Жамбыл бабамыздың кейінгі ұрпақ үшін тек танымдық дүние, аңсап, сусап оқитын, тәлімдік, тәрбиелік мәні зор өнегесі, біздерге қалдырған өлшеусіз ғибраты. Ұрпақтары барда ұлы ақын жыры ғасырдан ғасырға жасай береді.

Сөз соңында айтарымыз, Жамбылдың ақындық мұрасы көп зерттелген. Оның шығармаларының баспа бетін көруіне кезінде С.Сейфуллин араласқан. М.Әуезов, С.Мұқанов бастаған қазақ ақын-жазушыларының көбі Жамбыл жайында мақалалар, естеліктер жазған. Арнайы зерттеулер де бар. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Жамбыл туралы жаңа көзқарас қалыптастыру, оны «социализм мен Сталиннің жыршысы» деген ұғымнан арашалап алу шаралары қолға алынды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Рақымқызы Р.* Бала Жамбылдан дана жырау Жамбыл Жабаевқа дейін // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Жыр алыбы Жамбыл Жабаев (1846-1945). — 2001. — № 8 (20). — 52 б.
- 2 *Жабаев Ж.* Халық менің шын атым. Өлең-жырлары мен айтыс, дастандары. — Алматы: Атамұра, 2008. — 256 б.
- 3 *Қирабаев С.* Жамбыл Ленинградқа келіп, оны қорғаушылардың қатарында тұрды... // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Жыр алыбы Жамбыл Жабаев (1846-1945). — 2001. — № 8(20). — 52 б.
- 4 *Мырхалыков Ж.* Асқар таудай жыр алыбы // Егемен Қазақстан. — 2016. — 24 ақп. — 12-б.
- 5 *Қирабаев С.* Жамбылды жаңаша табу // Егемен Қазақстан. — 2016. — 6 ақп. — 9-б.
- 6 *Атиабаров Б.* Жамбыл мен Құлмамбет айтысының белгісіз беттері // Қазақ әдебиеті. — № 5 (3483). — 2016. — 5 ақп. — 9-б.
- 7 *Негимов С.* Суырыпсалма саңлағы // Егемен Қазақстан. — 2016. — 13 ақп. — 8-б.
- 8 *Жайлаубай Ж., Естай Қ.* Әдебиетіміздің асыл кеңі // Егемен Қазақстан. — 2016. — 19 наур. — 5-б.

Р.С. Каренов

Жамбыл — яркая звезда казахской поэзии, выдающийся акын-импровизатор

К 170-летию мастера поэтического слова Жамбыла Жабаева

В статье описана творческая деятельность Жамбыла, поэта-импровизатора: и как жырау, и как акына. Отмечено, что он прошел блестящую школу поэтического мастерства у своего знаменитого наставника Суяунбая Аронова и других не менее известных акынов Семиречья и Южного Казахстана. Кроме того, в тексте проанализированы все формы айтыса. Показано, что поэт ввел в айтыс идеи, темы и оригинальные аргументы. Сделан вывод, что Жамбыл обогатил и обновил жанр айтыса, поднял на общенародный уровень, придал ему острую социальную направленность. Подчеркивается, что жизнь и творчество Жамбыла – пример истинного патриотизма, верности родной земле и мудрости.

R.S. Karenov

Zhambyl — the brightest star of the Kazakh poetry, Outstanding akyn-improviser

By the 170 th anniversary of the master of the poetic word Zhambyl Zhabayev

In this article describes Zhambyl creative activity that combines both types of poet-improviser: the bard and the bard. The article is proved that he was a brilliant poetic mastery school in his famous mentor Suyunbay Aronov and other well-known akyns Semirechye, and South Kazakhstan. It is noted that there are all forms of Zhambyl aitys. It is shown that Zhambyl entered into a poetic debate with many renowned akyns and none of them is lost. In this article indicates that it has entered into aitys completely new ideas and themes, unusual approaches and original arguments. The article is concluded that Zhambyl enriched and renewed the genre aitys, led him out of the tribal consciousness, raised on a nationwide level, gave it a sharp social orientation. The article is emphasized that the life and work of Zhambyl – an example of true patriotism, loyalty and wisdom of his native land.

References

- 1 Rakhimkyzy R. *Stellar family. A legendary figure: Titanium poetry Zhambyl Zhabayev (1846-1945)*, 2011, 8 (20), 52 p.
- 2 Zhabayev Zh. *People – my real name. Poems and aitys, epics*, Almaty: Atamura, 2008, 256 p.
- 3 Kirabaev S. *Stellar family. A legendary figure: Titanium poetry Zhambyl Zhabayev (1846-1945)*, 2011, 8 (20), 52 p.
- 4 Myrhalyskov J. *Egemen Kazakhstan*, 2016, February, 24, p.12.
- 5 Kirabaev S. *Egemen Kazakhstan*, 2016, February, 6, p. 9.
- 6 Atshabarov B. *Kazakh literature*, 2016, 5 (3483), February, 5, p. 9.
- 7 Negimov S. *Egemen Kazakhstan*, 2016, February, 13, p. 8.
- 8 Zhaylaubay Zh., Estay K. *Egemen Kazakhstan*, 2016, March, 19, p. 5.

Ж.Б. Ахметжанова¹, Б.М. Айтбаева¹, Е. Барин²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Юнус Эмре институты, Анкара, Түркия
(E-mail: zhanar-ahmetzhan@mail.ru)

Тарихи өлең табиғатын тану — қазақ халқының тарихын тану

Мақалада қазақ халқының басынан кешкен ірілі-ұсақты оқиғалар көптігі бүгінгі таңда жан-жақты бағасын ала бастағандығы, соның нағыз шынайы көрінісі, халықтың түрлі оқиғаларға деген ашу-ыза, көңіл-күйі шағын тарихи өлеңдерде сәулесін қалдырғандығы туралы айта келіп, айтылу барысында тарихи өлеңдегі арман-тілек, мақсат-мүдде бірте-бірте өсіп-өркендеу арқылы көлемді эпикалық жырлар туғызуға ықпал еткендігі туралы сөз болады. Оның нақты сыр-сипатын ашып, поэтикалық болмыс-бітімін саралаудың ең бір күрделі тақырып бола алатындығын осыдан аңғаруға болады. Себебі шағын тарихи өлеңдегі түйін елдің тағдыр-талайы, бастан кешкен тар жол, тайғақ кешуі екені анық.

Кілт сөздер: тарихи өлең, қазақ халқы, тек, түр, жанр, эпикалық жырлар, поэтикалық болмыс, халық поэзиясы, түркі тектес халықтар.

Қазақ халқы қай заманда болсын өрнекті сөзді жанындай сүйіп, қадір тұтып, қастерлеумен келгендігін өткен өмір бел-белестерінен тануға болады. Бұған осы уақытқа дейінгі қазақтың сөз өнерін зерттеушілердің әр кез, әр шақта жазып қалдырған бағалы пікірлері де жауап береді. Түйіндей айтар болсақ, «ғалымдар қазақтың кестелі өлеңге, сазды әуенге құмар екенін, тіпті әрбір қазақтың бірнеше шумақ өлең шығаруға құдіреті мен қабілеті толық жететінін атап көрсеткен». Сандаған ғасырлардан бізге жеткен халық поэзиясын тұрмыс-салт жырлары, батырлық, ғашықтық, тарихи жырлар, айтыстар т.б. деп жүйелеу қалыптасты. Бұл ежелден қалыптасқан жалпылама атаулар болса, халық поэзиясына қатысты тексерулер нәтижесі әрбір түрдің шығу тегі мен дамуына дейін түбегейлі қарастыру қажеттігін күн тәртібінде ұстады.

Қазақ халқының дарынды ғалымы Ш.Уәлихановтың рухани мұраны жинау, жариялау, зерттеу ісімен айналысқаны мәлім. Соның ішінде халық поэзиясын алғаш рет жүйелеп, тектер мен түрлерге бөліп, жекелей анықтама жасаушы екендігі ғалымдар тарапынан орынды бағаланған. Ғалымның «өлең» атауына қатысты пікірі былайша түйінделген. «Өлең» сөзінің қазақ даласына қолданылуға кіргеніне елу-алпыс жылдан көп аса қойған жоқ», — дейді. Бұған қатысты қазақтың халық өлеңдерін түбегейлі тексеріп, көлемді монографиялық еңбектер жазған, белгілі ғалым Б.Уахатовтың мынадай пікірі бар: «Шынында да, XII ғасыр мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген ақындардың жыр-толғауларында «өлең» терминінің көп кездесе бермейтіні рас. Оның орнына «жыр», «сөз», «толғау» деген терминдер жиі ұшырасады. Демек, бір замандарда «өлең» терминінен бұрын «сөз», «жыр» деген терминдер жиі аталған ба деп қаламыз» [1], — деп жазады. Бұл мәселеге тым терең барып, түрлі пайымдаулар жасаған ғалымдар болған. Мәселен, Қ.Жұбанов көне дәуірден жеткен Әбдіқадыр Мұрағидың XIV ғасырдағы жазылған «Зүбдәтел Әдуар» деген кітабына сүйене отырып, ерте кездегі эпос, музыка, би бір-бірінен айрылмай араласып келгенін, тек кейіндері ғана бөлініп шыққандығын тұжырымдаған. Бұл тұжырымның қисынсыз еместігін өнер зерттеушілері дәйектеп, әсіресе фольклортанушылар жан-жақты дәлелдей түскендігін ғылыми еңбектердің кез келгенінен кездестіреміз. Анықтай айтсақ, берітіндегі жазылған Е.Ысмайылов, Е.Тұрсыновтың халық ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдеріне қатысты еңбектерінен де, халық поэзиясының бастаулары әмбебап негізде қалыптасқанын анықтай түскен. Асылы, бізде «қазақ халқы өлеңге бай», «қазақтың әрбір күні өлеңсіз өтпеген» деген жалпылама өлеңге қатысты ұғым-түсініктер түрлі дәуірлерге қатысты өзгерістерден туған. Ұлы ақын Абайдың өзі «өлең — сөздің патшасы» деуі де бүкіл поэзияға қатысты толық түсінік беріп тұр. Әйгілі Шоқан өзінің қазақ поэзиясына қатысты еңбегінде «өлең» ұғымын кең мағынада алған. Сонымен қоса дарынды ғалым «Өлеңді айтушы кімдер?» деген сауалға да жауап берген. «Белгілі өлеңшілер шығарған я бұрыннан бар өлеңдерді домбыраның, қобыздың, болмаса қимыл-қозғалыстың сүйемелдеуімен айтып берушілерді өлеңшілер дейміз», — деп жазғанының өзінде де өлеңге қатысты аса кең танымдық мән-мағына тұр.

Жоғарыда айтылған Әбдіқадыр Мұрағи еңбегінде қазіргі түркі тілдес халықтардың арғы ата-бабаларының бәрі сөз арқылы дауыспен айтылатын өнерді «ыр» және «дола» деп атағандығын Қ.Жұбанов ескерткен. Көршілес қырғыз күні бүгінге дейін «ыр» дегенді қолданады. Ғалым Б.Уахатов

бұл мәселелерге айрықша назар аудара отырып, мынадай тұжырымдар жасаған: «Мысалы, қырғыздарда осы күнге дейін «ыр» деген сөз бар. Бұл біздің «жыр» дегенімізден гөрі, «өлең» деген сөзімізге жақын. Сол сияқты татарлардың «жыр» деген сөзінің мағынасы біздің «өлең» деген сөздің мағынасын береді. Соған қарағанда татар мен қырғыздың атауларында сонау көне дәуірден келе жатқан ұқсастық бар сияқты. Алайда қарақалпақ, өзбек, алтай, құмық секілді халықтарда біздің өлең дегенімізді әрқайсысы әр түрлі атайды. Қарақалпақтарда – қосық, өзбектерде – қушиқ, алтайлықтар – кожоң, құмықтар улан дейді. Бұл бұрынғы бар халыққа ортақ ыр (жыр), дола (толғау) сияқты атаулардан біржола бөлініп шыққан, өз алдына тың, соны сөздер», — деп жазады. Шындығына жүгінсек, бұл мәселе Махмұд Қашқаридың «Дивани лұғат-ат түрік» еңбегі мен «Кодекс Куманикус» секілді ертедегі жазылған еңбектерде көне қыпшақ тілінде «ула» деген сөзге мән беруге жетелейді. Себебі бұл сөздің мағынасы бірін-бірі қиюластыру немесе әлденені жалғау болып шығатындығын, түркі сөздігімен айналысып жүрген ғалым өз еңбегінде ескерткен. Керек десеңіз, көне қыпшақ тіліндегі «ула» сөзінің өлеңге қатысты қолданылатынын ескерсек, осы атау құмық тілінде де «улан» және қарақалпақ тілінде де «улан» қолданылып отырған. Қазақ тіліндегі қазіргі қолданысы — «өлең». Сөздің ауысу мәселесінде әр түрлі транскрипцияға түсетіндігі ғылымда орынды айтылып келе жатқандығы мәлім. Олай болса, қыпшақ тілінің сөздік қорындағы «ула», «улағұл» сөздері якуттердің «олонго» өлең айту сөзімен тамырлас, ал басқа халықтарда қандай өзгерістерге түскендігін жоғарыда атап кеттік. Жалпы біздегі қолданылатын «өлең» сөзінің түп-төркіні көне қыпшақ тілінен пайда болғанын мойындау орынды. Оның қаншалықты қисындылығы қазіргі түркі тектес халықтар поэзиясына қатысты көне таным-түсініктер, түрлі сөз өнеріне қатысты атаулардың шығу тегі мен қалыптасуы аңғартады.

Ал өлеңге бай қазақ халқының өнері тек пен түрлерге ерекшелеуді қажет ететіндігі белгілі. Бұл мәселе төңірегінде XIX ғасырдағы В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, тағы басқалардың қазақ халық өлеңдерін бірнеше түрлерге бөлгендігі фольклортану ғылымында орынды аталып келеді. Халық өлеңдерін тікелей эпикалық көлемді жыр, дастан, толғаулардан бөлектеп, оның айтушыларының «ақын» екендігін нақтылауда ғылымда орынды тұжырымдар бар. Ол үшін төмендегі пікірлерді айта кетудің қисыны бар. Мысалы, қазақтың ақындары қолына домбыра алып, ауыл ауылды аралайтындығын айта отырып, халық өлеңдерін жинастырып, азды-көпті пікір айтқан М.В.Готовицкий былай дейді: «Қазақ халқы — ән құмар халық. Олардың бәрі бұрыннан белгілі я табан астында туған бір әуенге салып өз ойларын немесе алған әсерлерін өлеңмен хикаялауға барынша құмар-ақ. Белгілі ақын я өлеңші домбыраға қосып, өлең айтқан кезде қазақтар оны бар жанын салып, сүйсініп тыңдайды. Бірде-бір жиын, бірде-бір ойын-сауық өлеңсіз өтпейді». Көріп отырғанымыздай, бұл пікірдің жалпы ақындар өнеріне қатысты айтылғандығын байқаймыз. Ойымыздың қисынсыз еместігін Г.Н.Потаниннің пайымдаулары нақтылай түседі. Ол былай дейді: «Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты, өлең шығарушы, бір жағынан, композитор, ол шығармасына әуенді де, ырғақты да өзі табады, — дей келіп, — қазақтар арасында ақындық творчество аса дамулы, ақын деген сахараға сыймайды», — деп жазуынан халық поэзиясының әмбебап көрінісін, ауызша айтылудағы табиғатын танимыз. Ауызша шығармашылықтағы сазгерлік, әншілік, ақындықты бір өзі арқалаған таланттар аз ба еді?! Оған дәлел ретінде мыңдаған мысалдар келтіре беруге әбден болады. Алайда әншілік, сазгерлік, ақындық өнерлердің бір-бірінен бөліне бастауы да болатындығын жоққа шығара алмаймыз. Айталық, ақын есімі тікелей айтысқа қатысты екендігі анықталған. Оның ерекшелігі суырыпсалмалылығы мен тапқырлығына байланысты. Әншінің ерекшелейтін қасиеті — үні, дауысының әсемдігі. Бұл ретте қазақ айтысының шығу тегі мен дамуына қатысты ұзақ жылдар тексерулер жүргізген М.Жармұхамедұлының төмендегі түйіндеуі орынды айтылған: «Әдебиетіміздегі суырыпсалма дәстүрінің айқын көрінісі ақындық және жыраулық поэзияның алғашқы негізі бір, екеуі халықтың сонау көне замандардағы тұрмыс-салт жырларынан бастау алатыны мәлім», — деуі де өлеңді жасаушының қызметін айқындай алатындай. Сонымен өлеңнің иесі кім екендігіне көз жеткізсек, ендігі мәселе сол өлеңдердің тектеріне фольклорлық тұрғыдан назар аударуға тура келеді. Жалпы халық өлеңдері турасындағы ертелі-кеш айтылған пікірлерді екшеп, жан-жақты тексеру арқылы күрделі монографиялық тұрғыдан Е.Ысмайылов пен Б.Уахатовтың жазған еңбектері ғылымда айрықша бағаланды. Халық поэзиясына қатысты жанрлық жүйелеуші А.Байтұрсынов бүгінгі тұрмыс-салт өлеңдерін негізінен салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп бөліп, оларды ортақ сарындама деген атаумен берген.

Қазақ халық өлеңдеріне қатысты Х.Досмұхамедұлы жүйелеуінде мақтау өлең, жоқтау, үгіт өлең, болжал өлең, үйлену тойы жырлары, емшілік өлең, өтірік өлең, діни өлеңдер, боғауыз өлеңдер деп жіктеген [2]. Бұлардың бәрі — қазақ өлеңдерінің жекелей жанрлық түрлері. Бұл тұрғыда Е.Ысмайыловтың жинақтай айтуының мәні бар. Ол былай деп жазады: «Өлең қазақ поэзиясының негізгі түрі: көне салт, әдет-ғұрып поэзиясы да, әндердің текстері де, айтыс, ғашықтық жырлардың көпшілігі де, кейінгі поэзияның негізі де осы өлеңмен жазылған. Өлең қазақ әдебиетінде ән — өлең (песня) ұғымында да, өлең жыр (стих) ұғымында да жүреді. Өлең қазақтың барлық тарихи өмірінде біте қайнасып, араласқан. Ойын-сауығын да, әзіл-қалжыңын да, қайғы-қасіретін де, жорық-соғысын да, өлім-азасын да, той, астарын да, мерекелерін де бәрінде өлеңмен бейнелеген және қазақтың бірер ауыз өлең айтпайтыны сирек». Бұдан ғалымның өзінің алдындағы халық мұрасына қатысты пікірлер қозғаушылар еңбегімен хабардар болған деген түйінге келеміз. Халық поэзиясына байланысты, қазақ өлеңдерінің негізгі бастауларының тұрмыс-салтқа қатыстылығы ғылымда мойындалған. Бұл орайда қазақ халық өлеңдерін кең көлемде зерттеуші Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерін былайша классификациялауды ұсынған:

1. Еңбек-кәсіппен байланысты өлеңдер (аңшылық, төрт-түлік, наурыз).
2. Наным-сенім өлеңдері (бақылар сарыны, арбау-байлау өлеңдері).
3. Әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдер (балалар өлеңдері, үйлену салт өлеңдері, мұң-шер өлеңдері).
4. Лирикалық өлеңдер (қара өлең, тарихи өлеңдер).

Ғалымның жоғарыдағы жіктеулеріне дейін аталған А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.О.Әуезов, Л.Соболевтер жүйелеулері болса, бұдан кейін С.Қасқабасов, Б.Әбілқасымов, Ш.Ыбыраев, Г.Болатовалардың тұрмыс-салтқа қатысты өлеңдерді жанрлық жағынан жіктеулері ғылымда орын алған еді. Бұнымен қатар, кейінгі К.Матыжанов зерттеуінде «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» атты жаңа атау қалыптасып, онда әлпештеу фольклоры, үйлену ғұрып фольклоры, азалау фольклоры деп бөлініп, оған қандай өлең-жырлар жататындығы көрсетілді.

Қазақ фольклортану ғылымында тұрмыс-салт жырлары, әдет-ғұрып немесе отбасылық ғұрып поэзиясының түрлері біршама орнығып, жан-жақты ертелі-кеш зерттеліп жатқаны мәлім екендігін атап кеттік. Халық өлеңдері саласының ендігі бір маңыздысы лирикалық өлеңдер екені белгілі. Бұл тұрғыдан жоғарыдағы аталған ғалымдар пікірлері әр кез, әр шақта айтылып келді. Бұл мәселеде А.Сейдімбек, М.Тілеужанов зерттеулерінде назар аударылып, қара өлең табиғатына байланысты тексерулер жүргізілді. Жанрлық тұрғыдан тұжырымдар жасалды. Негізінен лирикалық өлеңдерді төмендегідей түрде жіктеу қажет екендігі назар аударарлық:

1. Қара өлең.
2. Ән өлең.
3. Тарихи өлең.
4. Хат өлең.

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты мәдени өмірде сандаған оң өзгерістер болды. Соның ішінде ұлттың өшкені қайта оралып, мүлде тыйым салынған Кеңес дәуіріндегі тақырыптарды қайта қарауға мүмкіндік туды. Мәселен, қазақ фольклорындағы дінге қатысты мұралар, ұлттың рухы ретінде танылуға тиісті қазақтың тарихи жырлары жан-жақты тексеріле бастады. Бұл мақсатта қазақ тарихи жырларына қатысты З.Сейтжанұлы, Б.С.Рақымов, С.Сакенов, Г.Рымбаевалардың ғылыми зерттеулері лайықты бағаланды. Қазақтың лирикалық өлеңдері қатарынан орын алатын рухани құндылықтардың бірі – тарихи өлеңдер. Тарихи жырды зерттеуші ғалымдар бұл мәселеге шолу түрінде назар аударып, тарихи өлеңдердің тексерілуі қажет екендігіне байланысты орынды ескертулер жасап келді. Жанрлық ерекшелігіне қатысты ғылыми бағалы пікірлер айтыла бастады.

Қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық түрлері туралы жан-жақты тоқталып, жанрлық классификациясын жасаған зиялылардың бірі Х.Досмұхамедұлы. Оның ауыз әдебиеті үлгілерін 46 түрге бөліп көрсеткені, фольклортану ғылымында бұл үлкен бастама болғандығы орынды бағалана басталғаны тәуелсіздігімізден кейін екендігі де талассыз. Халық ауыз әдебиетіне қатысты Х.Досмұхамедұлы ұсынған классификациясында тарихи өлең атауы тарихи жырларға қатысты қолданылған. Кезінде бұндай жағдай М.О.Әуезов, А.Байтұрсынов еңбектерінде де болғаны мәлім. Солай дей тұрсақ та, Х.Досмұхамедұлы классификациясында тұрмыс-салтқа қатысты өлеңдерді жіктеп келіп, мынадай халық өлеңдеріне тоқталған. «Патша және Қоқан үкіметіне қарсы және шенеуніктердің бассыздығына қарсы қоздырушы, намыстандырушы өлең» [2], — деп жүйелеп, ол өлеңдер бастауы «Зар заман толғаулардан» алатындығын бөліп көрсеткен. Бұндағы айтылып отырған

